

## Форма протокола общественных слушаний

1. Наименование местного исполнительного органа административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы), на территории которого осуществляется деятельность, или на территорию которого будет оказано влияние: **Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области**
2. Предмет общественных слушаний: **Проект "Корматив допустимых выбросов" для действующего объекта. Предприятие добычи гранита на месторождении "Кызылсайнар" ТОО "Курты"**

*(наименование, точное наименование рассматриваемых проектных материалов)*

3. Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды или местного исполнительного органа области, городов республиканского значения, столицы, в адрес которого направлены материалы, выносимые на общественные слушания.

**РГП на ПХВ «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды» при МЭГПР РК**

4. Местонахождение намечаемой деятельности: **Алматинская область, Жамбылский район, Темиржолский сельский округ: Географические координаты объекта (участок) - 43.812236, 76.096668, территория воздействия - 43.605012, 76.306152**

*(полный, точный адрес, географические координаты территории участка намечаемой деятельности)*

5. Наименование всех административно-территориальных единиц, затронутых возможным воздействием намечаемой деятельности: **Алматинская область, Жамбылский район, Темиржолский с.о., ст.Казыбек бека**

*(перечень административно-территориальных единиц, на территории которых может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности и на территории которых будут проведены общественные слушания)*

6. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: **Товарищество с ограниченной ответственностью "Курты", БИН: 970640002444, Алматинская область, Жамбылский район, Темиржолский сельский округ, ст. Казыбек бек, ул. Уалиханова, дом 3, +7(707)-722-86-98, lookynty@mail.kz**

*(в том числе точное название, ведомственная подчиненность, юридический и фактический адрес, БИН, ИНН, телефоны, факсы, электронные почты, сайты и другую информацию)*

**Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО "Фирма ТЮРИКОМ"**

7. Реквизиты и контактные данные составителей отчетов о возможных воздействиях, или внешних привлеченных экспертов по подготовке отчетов по стратегической экологической оценке, или разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы: **ТОО «Фирма «ТЮРИКОМ», г. Алматы 1 мкр, дом 66 Б, БИН 931040000540, тел. 87017227234, e-mail: rojkon2024@gmail.com**

*(в том числе точное название, ведомственная подчиненность, юридический и фактический адрес, БИН, ИНН, телефоны, факсы, электронные почты, сайты и другую информацию)*

8. Дата, время, место проведения общественных слушаний (дата(-ы) и время открытого собрания общественной слушаний): **Алматинская область, Жамбылский район, Темиржолский с.о., ст.Казыбек бека, ул. Алтынсарина, 7 А, на территории аймакта, 19/12/2025 11:00**

*(дата, время начала регистрации участников, время начала общественных слушаний, полный и точный адрес места проведения общественных слушаний (указываются все даты))*

9. Копия письма-запроса от инициатора намечаемой деятельности и копия письма-ответа местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы), о согласовании условий проведения общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний

10. Регистрационный лист участников общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний.

11. Информация о проведении общественных слушаний распространена на государственном и русском языках следующими способами:

1) на Едином экологическом портале: <https://ecology.kz/webcontent/gov.kz/Pubbk:PublHearings/Edit/29715#tabMembers> от 18.11.2025г.;

2) на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа (областей, городов республиканского значения, столицы) или официальном интернет-ресурсе государственного органа-разработчика Управление природных ресурсов и реставрирования природопользования Алматинской области: <https://www.gov.kz/natparket/en/eks/almty-tabidat>.

*(наименование и ссылка на официальные интернет-ресурсы и даты публикации)*

3) в средствах массовой информации, в том числе, не менее чем в одной газете, и посредством не менее чем одного теле- или радиоканала, рэстроинформации на территории соответствующих административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы), полностью или частично затрагиваемой территории, не позднее чем за двадцать рабочих дней до даты начала проведения общественных слушаний:

Газета "Атамекен" №46 (6298) от 15.11.2025г.

*(название, номер и дата публикации объявления в газете, с приложением сканированного объявления в газете, с приложением сканированной страницы газеты и страниц с объявлением о проведении общественных слушаний)*

Телеканал "Жетісу" 12.11.2025г., эфирная справка прилагается к протоколу

*(название теле или радиоканала, дата объявления: электронный посетель с видео- и аудиозаписью объявления о проведении общественных слушаний на теле или радиоканале подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний)*

4) на досках объявлений местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения, сел, поселков, сельских округов) и в местах, специально предназначенных для размещения объявлений в количестве 1\_объявлений по адресам: Алматинская область, Жамбылский район, Теміржолский сельский округ, ст. Казыбек бек, ул. Алтынсарина, дом 7 А, на территории аймагата

на стенде аймагата Теміржолского сельского округа Жамбылского района

Фотоматериалы прилагаются к настоящему протоколу общественных слушаний.

12. Решения участников общественных слушаний:

Общим голосованием избран секретарь, 15 человек «за», выбрана Турениязова Ж.К.

*(о выборе секретаря. Указать количество участников общественных слушаний «за», «против», «воздержались»)*

Общим голосованием утвержден регламент. 15 человек «за», «против» и «воздержались» не имеются

*(об утверждении регламента. Указать количество участников общественных слушаний «за», «против», «воздержались»)*

Причины отсутствия:

*(о признании общественных слушаний несостоявшимся с указанием причин в соответствии с пунктом 23 настоящих Правил. Указать количество участников общественных слушаний «за», «против», «воздержались»)*

13. Сведения о всех заслушанных документах:

Турениязова Жанат Кудайбергеновна, главный специалист ТОО «Фирма «Юриком»

*(фамилия, имя и отчество (при наличии) докладчика, должность, наименование представляемой организации)*

Проект «Норматив допустимых выбросов» для предприятия добычи на месторождении «Кдызайлапсар» ТОО «Курты»

*(тема доклада, количество страниц, слайдов, файлов, вложений, чертёжных)*

Тексты докладов по документам, выносимым на общественные слушания, прилагаются к настоящему протоколу общественных слушаний.

14. Сводная таблица, которая является неотъемлемой частью протокола общественных слушаний и содержит замечания и предложения, полученные до и во время проведения общественных слушаний. Замечания и предложения, явно не имеющие связи с предметом общественных слушаний, вносятся в таблицу с отметкой «не имеют отношения к предмету общественных слушаний».

15. Мнение участников общественных слушаний о качестве рассматриваемых документов и заслушанных докладов на предмет полноты и доступности их понимания, рекомендации по их улучшению: замечания и предложения прилагаются к протоколу

*(фамилия, имя и отчество (при наличии) докладчика, должность, наименование представляемой организации)*

16. Обжалование протокола общественных слушаний возможно в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

17. Председатель общественных слушаний:

Амброва Венера Кенжетевна, заместитель акима Темиржолского сельского округа Жамбылского района

*Мур* 19.12.2025г.

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, родится, дата)*

18. Секретарь общественных слушаний:







Турениязова Жанат Кудайбергеновна, главный специалист ТОО «Фирма «Юриком»

*ЖМ* - 19.12.2025г.

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, родится, дата)*

№	Замечания и предложения участников (фамилия, имя и отчество (при наличии) участника, должность, наименование представляемой организации)	Примечание (связь замечание или предложение)
---	--	--

**Регистрационный лист участников общественных слушаний по отчету о  
возможных воздействиях для карьера по добыче гранита  
на участках «Курты-1», «Курты-2» ТОО «Курты»**

№ п/п	Фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника	Категория участника (представитель заинтересованной общественности, общественности, государственного органа, инициатора)	Контактный номер телефона	Форма участия (очно или посредством конференцсвязи)	Подпись (в случае участия на открытом собрании)
1	Тарыбасв Асылхан Сабитович	Начальник отдела экологической экспертизы Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области		посредством конференцсвязи	
2	Амирова Венера Кенжетаевна	Заместитель акима Темиржолского сельского округа Жамбылского района		очно	
4	Касеп Қайнар	Директор ТОО «Курты»		очно	
5	Наубетова Жанат	Главный бухгалтер ТОО «Курты»		очно	
6	Турениязова Жанат Кудайбергеновна	Главный специалист ТОО «Фирма «ПОРИКОМ»		очно	
8	Айманов Сабыр	Местный житель ст. Казыбек бек		очно	
9	Эсперов Азден	местный житель			
10	Дулобаев Нурлан	местный житель			
11	Туркменбаев Хамид	местный житель.			
12	Ишпаев Ишпаев	местный житель			
13	Ураков	местный житель			



**Сводная таблица замечаний и предложений, полученных до и во время  
общественных слушаний**

№ п/п	Замечания и предложения участников (фамилия, имя и отчество (при наличии) участника, должность, наименование представляемой организации)	Ответы на замечания и предложения (фамилия, имя и отчество (при наличии) отвечающего, должность, наименование представляемой организации)	Примечание (снятое замечание или предложение, «не имеет отношение к предмету общественных слушаний»)
1	<p>Вопросы: Каким образом будет влиять работа карьера на население ст. Казыбек бек? Есперов Абден, местный житель ст. Казыбек</p>	<p>Ст. Казыбек бек расположен на расстоянии 28км от границы территории карьера в юго-восточном направлении. В связи с удаленным расположением населенного пункта ст. Казыбек бек, негативное воздействие карьера на атмосферный воздух и здоровье населения не отмечается. Жанат Кудайбергеновна, главный специалист ТОО «Фирма «ПОРИКОМ».</p>	Вопрос снят
2	<p>На месте добычи гранита какие восстановительные работы проводятся? Гульбаев Жалғас, местный житель ст. Казыбек</p>	<p>Согласно договору аренды земельного участка, добыча гранитных блоков в карьере производится до 24.11.2040г. По завершению добычных работ будет выполнена рекультивация нарушенных земель путем засыпки ботов карьер вскрышными породами, будут восстановлены плодородный слой и растительность поверхности участков. Жанат Кудайбергеновна, главный специалист ТОО «Фирма «ПОРИКОМ».</p>	Вопрос снят
3	<p>Рядом с кладбищем осуществляется хранение отходов от переработки гранита, от которых происходит пыление поселка. Какие меры принимаются для предотвращения загрязнения воздуха поселка? Ураков Ж., местный житель ст. Казыбек</p>	<p>В карьере производится только добыча гранитных блоков, переработка камня не осуществляется, отходы гранитных блоков не образуются. Все образуемые отходы производства и потребления от деятельности карьера сдаются на утилизацию сторонним организациям. Поэтому данный вопрос к данному объекту не имеет отношение. Жанат Кудайбергеновна, главный специалист ТОО «Фирма «ПОРИКОМ».</p>	Вопрос снят

# АТАМЕКЕН

JAMBYL AÝDANDYQ QOǴAMDYQ-SAIASI, ÁLEÝMETTIK-EKONOMIKALYQ BASYLYM

№ 46 (6298)

15 қараша  
сенбі, 2025 жыл

Газет 1932 жылдан  
бастап шығады

www.atamekengazeti.kz

Атамекен Газеті

@atameken\_press

atameken1932@bk.ru

8 қараша күні Алматы облысының тарихи және ірі аудандарының бірі – Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылында «Ауыл Әйелі: Бірлік. Даму. Болашақ» атты өңірлік ауыл әйелдерінің форумы өтті. Форумға 340-қа жуық белсенді әйелдер қауымы қатысты. Іс-шара Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, «Ауыл» партиясының және Алматы облысы әкімдігінің бірлесе ұйымдастыруымен жүзеге асырылды.

## АУЫЛ ӘЙЕЛІНІҢ ӘЛЕУЕТІ



бизнесі дамытудағы мемлекеттік гранттар мен жеңілдетілген кредиттердің қолжетімділік шарттарымен таныстырды. Жұмыспен қамтуды үйлестіру басқармасы әйелдерге арналған әлеуметтік қолдау тетіктері мен қайтарымсыз жәрдемақы бағдарламаларының жүзеге асыру көрсеткіштерін жан-жақты баяндады. Ауылдық кәсіпкерлер экспортқа бағытталған бизнестерді дамытудағы тәжірибелерімен бөлісіп, ауыл шаруашылығындағы кооперацияның маңыздылығын атап өтті. Облыстық әйелдер кәсіпкерлігін дамыту кеңесінің өкілдері әйел кәсіпкерлігін экономикалық өсімнің негізгі факторы ретінде қарастыруға шақырды. Форум аясында ауыл әйелдерінің қолынан шыққан ауылшаруашылық өнімдері мен колөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылып, олардың еңбек әлеуеті мен дәстүрді сақтауға қосқан үлесі көрсетілді. Қорытынды сөздерде, форумда айтылған барлық ұсыныстар мен өңірлік проблемалар Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның сараптамалық-талдау жұмысының негізіне алынып, ауыл әйелдерінің мәселелерін заңнамалық және әкімшілік деңгейде шешу үшін Орталық мемлекеттік органдарға ұсынылатыны айтылды.



Форумның басты мақсаты – ауылдық жерлердегі әйелдердің көшбасшылық әлеуетін нығайту және олардың экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту.

Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауылдың тұрақты дамуына бағытталған саясатының аясында іске асырылды. Форумның ашылуында Алматы облысының Әкімі жанындағы Комиссия төрағасы – облыс әкімінің орынбасары Гани Майлыбаев, аудан әкімі Нұрлан Ертасұлы және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі Айгерім Сарсенбаева, «Ауыл» партиясы Төраға орынбасары Ғалымжан Құсманғали сөз сөйледі.

«Ауылдық жерлердегі әйелдердің әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту: өңірлік даму саясатының негізі» тақырыбында өткен пленарлық отырыста ауылдық кәсіпкерліктің қаржылық және әлеуметтік-құқықтық мүмкіндіктері мен мәселелері жан-жақты талқыланды. Содан кейін Алматы облысының Кәсіпкерлік басқармасы шағын және орта

Бұл форум – Қазақстанның әлеуметтік-саяси тұрақтылығы мен экономикалық дамуындағы ауылдық әйелдердің рөлін нығайтуға бағытталған Президент саясатының айқын көрінісі және оны аймақтарда жүзеге асырудың нақты тетігіне айналды.

А. Әйгерім ӘБУ  
АТАМЕКЕН

## Ұрпаққа үлгі болған ерлерге тағзым

Жамбыл ауданында ел тарихына өшпес із қалдырған, Ұлы Отан соғысының қос қаһарманы – Қасымбек Халықов пен Бектембай Елемановтың есімдері берілген көшелердің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бұл – елдік пен ерлікті дәріптеген, өткенге тағзым етіп, бүгінгі ұрпаққа өнеге қалдырған тағылымды шара болды.

Алғашқы салтанатты рәсім Жамбыл ауылында өтті. Ауылдың түлегі, ел азаматы, Ұлы Отан соғысының ардагері Қасымбек Халықовтың есімі туған өлкесінде мәңгілікке жаңғырды. Қасымбек атамыз соғыстан кейін елге оралып, түрлі салада қызмет атқарған. 1982 жылы Алматы қаласында Қазақ КСР Дайындау министрлігіне қарасты басқармада аға инспектор қызметін атқарды. Сонымен қатар, «Сарыбай би» қоғамдық қорының төрағасы ретінде ел игілігіне қызмет қылған, азаматтық келбеті биік тұлға еді.

Салтанатты жиынға батырдың ұрпақтары, туыстары, ауыл ақсақалдары, зиялы қауым өкілдері мен тұрғындар қатысты.



Ө.Қамбарұлы, Р.Мұхамеджанқызы және генерал-майор Ә.Шаяхметов салтанатты түрде қиды. Шара соңы «Диас» мейрамханасында ұйымдастырылған ас дастарханмен жалғасты.

Екінші игі шара Ұзынағаш ауылында өтті. Соғыс және еңбек ардагері, өз заманының абыройлы азаматы Бектембай Елемановтың есімі де ауылдың бір көшесіне берілді.

Бектембай Елеманов 1942 жылдан бастап Ұлы Отан соғысының қиян-кескі майдандарына қатысып, 879-атқыштар полкінде командир қызметін атқарған. Батыс Украина, Смоленск, Курск, Карпат бағыттарындағы шайқастарға қатысқан, 1944 жылы Севастопольды азат ету кезінде ерекше ерлік көрсеткен. 1946 жылы ауыр жаракатпен елге оралып, бейбіт өмірде Жамбыл аудандық қаржы бөлімінде инспектор болып қызмет етті. Ардагердің жанқиярлығы бірнеше ордендер мен медальдар арқылы мемлекет тарапынан бағаланған.

Көшеге есімін беру рәсіміне батырдың ұрпақтары мен ағайын-туыстары түгел жиналды. Қордай ауданының Қарасай (Алмалы) ауылынан келген туыстар да атсалысып, ақжарма тілектерін білдірді.

Салтанатты жиында Ұзынағаш ауылдық округі әкімінің орынбасары Бекжан Әбжанұлы, ардагердің баласы Алик Еламанов, келіні Күләш Еламанова, туысы – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы Кәміл Бейсеханұлы, ел ағасы Бегалиев Әбсемет және Жамбыл ауданының құрметті азаматы Қырғызбек Атагелдиев сөз сөйлеп, батырдың елге сіңірген еңбегін жоғары бағалады.

Содан кейін көше атауының лентасы қиылып, ақсақал Жұмабек Смағұлов жиналған жұртшылыққа батасын берді. Келесі кезекте Желтоқсан қозғалысының ардагері Ақмарал Сіргебаева бастаған туыстар мен ұрпақтары да игі шараға ерекше ықылас білдірді. Шара соңында ардагердің рухына Құран бағышталып, ас берілді.

Ел қорғаған ерлердің есімін ұлықтау – өткенге тағзым, болашаққа аманат. Жамбыл ауданында өткен бұл шаралар – жас ұрпаққа үлгі болары анық.

А. ТАСҚАРҰЛЫ  
АТАМЕКЕН

## Ұзынағаш – Отар автожолының 42 шақырымдық учаскесі пайдалануға берілді



14 қараша күні аудан аумағында республикалық маңызы бар Ұзынағаш – Отар автожолының қайта жаңғыртылған 42 шақырымдық бөлігі салтанатты түрде ашылды. Шараға Қазақстан Республикасы Көлік Вице-министрі Мақсат Қайыржанұлы Қалиақпаров, Алматы облысы әкімінің орынбасары Рустам Маратұлы Исатаев, Дүниежүзілік Банктің Қазақстандағы тұрақты өкілі Андрей Михнев, Түркия Республикасының Алматыдағы Бас консулы Эврен Миодеррисоглу, сондай-ақ мердігер ұйымдар мен жол саласының мамандары қатысты.

Салтанатты рәсім ПВП алаңында қонақтарды қарсы алудан басталды. Шарада алғашқы болып сөз алған ҚР Көлік вице-министрі Мақсат Қайыржанұлы:

«Құрметті әріптестер! Бүгін біз маңызды іс-шара – Ұзынағаш – Отар жол учаскесінің құрылысының аяқталуына жиналдық. Бұл учаске өңірдің негізгі нүктелерін байланыстырып, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізінің маңызды бөлігіне айналып отыр. Жаңғыртылған жол – жол пайдаланушыларының қауіпсіздігі мен жайлылығына жасалған инвестиция. Жол санатының ұлғаюы аймақтың бизнесіне жаңа мүмкіндіктер ашып, өткізу қабілетін арттырады және логистикалық шығындарды азайтады. Бұл нәтижеге құрылысшылардың, инженерлердің және барлық сала мамандарының үйлесімді еңбегінің арқасында жеттік. Жобаны жүзеге асыруға қолдау көрсеткен Дүниежүзілік банкке, сондай-ақ әкімдіктер мен халықаралық әріптестерімізге алғыс айтамын. Біз бүгін тек жол емес, өңірдің даму мүмкіндігін ашып отырмыз», – деп жол құрылысының ел экономикасы мен халықаралық транзитті дәліздердегі стратегиялық маңызын атап өтті.

Содан кейін марапаттау рәсімі өтіп, көлік саласының бірқатар мамандары «Құрметті жолшы» төсбелгісімен, министрліктің және



Автомобиль жолдары комитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Келесі кезекте Алматы облысы әкімінің орынбасары Рустам Исатаев, Дүниежүзілік Банктің өкілі Андрей Михнев, Түркияның Бас консулы Эврен Миодеррисоглу және «КЛВ Иншаат» АҚ Бас директоры Эору Язиджоглу құттықтау сөз сөйлеп, жаңа жолдың өңірлік экономикаға қосар үлесін айтты.

Алматы облысы Жол басқармасының басшысы Ермек Баймұхамбетов жобаның кезеңдері мен тапалық талаптарының толық орындалғанын тілге тиек етсе, Ақтерек ауылдық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Жұмабек Керімқұлұлы көпшілікке ақ батасын берді.

Бұдан соң салтанатты түрде лента қиылып, автожол ресми түрде пайдалануға берілді. Қонақтар алғашқы автопробегін жасап, жол сапасын көріп шықты.

Қайта жаңартылған бұл жол учаскесінің ашылуы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, жолаушылар мен жүк тасымалының қауіпсіздігі мен қолайлылығын айтарлықтай жақсарттады. Тұрғындар мен жүргізушілер жолдың халық игілігі үшін ұзақ жылдар қызмет ететініне сенім білдіріп, құрылысшыларға ризашылығын жеткізді.

А. Тұрсынжан ТОҚТАСЫН  
АТАМЕКЕН

## БАСПАСӨЗ – 2026

Құрметті аудан тұрғындары!  
Аудан өмірінің апталық тынысынан жан-жақты хабарлар ететін Жамбыл аудандық «Атамекен» газетіне 2026 жылға жазылу науқаны басталды.

## АТАМЕКЕН

– бүгінгі жаршымыз,  
ертеңгі тарихымыз

Атамекен – біздің түп қазығымыз,  
Атамекен – рухани азығымыз.  
Тіршілігін ауданның білем десең,  
Басылымға тартынбай жазылыңыз!



Жеке адамдар үшін «ҚАЗПОЧТА» АҚ тасымалдау қызметін қоса есептегенде бір жылға жазылу құны – 7910,72 теңге, жарты жылға – 3955,36 теңге (Индексі 65264.)

Ал зейнеткерлер мен мүгедектер үшін 12 айға жазылу құны – 7410,72 теңгені құрайды.

Жарты жылға – 3705,36 (Индексі 35264) газеттің электронды нұсқасына 12 айға жазылу бағасы – 5500 теңге.

Сіз оны адетте оқырмандардан бұрын ұялы телефоныңыз немесе компьютеріңіз арқылы сол заматта алып, оқу мүмкіндігіне ие боласыз.

Біздің мекенжайымыз: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үйі. Телефондар: 2-44-28, 2-44-27. Толығырақ мәлімет алу үшін мына телефонға хабарласыңыз: 8-708-673-93-64, 8-705-666-38-08



## Ұлтқа қызмет

## 233 Қызмет алушының құқығы қалпына келтірілді

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі – халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету. Бұл ретте, қызмет алушылардың құқықтарын қалпына келтіруге ерекше назар аударылады.

Жалпы қызмет алушылардың құқықтарын қалпына келтіру жұмыстары қоғам өмірінің әр түрлі салаларын қамтиды.

Департаментпен азаматтардың құқықтарының бұзылуын анықтау және қалпына келтіру үшін олардың арыздарын күтпей-ақ, қашықтықтан мониторинг жүргізу тәсілімен де қызмет алушылардың құқықтарын қалпына келтірілу жұмыстары жүргізіледі.

Мәселен, Департамент ағымдағы жылдың 4-тоқсанында Агенттіктің тапсырмасы негізінде ақпараттық жүйелер арқылы қашықтықтан мониторинг жасау барысында «Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою» мемлекеттік қызметі бойынша Алматы облысының бірқатар мектепке дейінгі білім беру

ұйымдарымен құжаттарды қабылдау жүргізілмейтіндігі анықталды.

Өз кезегінде, мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен бекітілген) талаптарына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асыруы тиіс.

Алайда қашықтықтан мониторинг жүргізу барысында бірқатар ата-аналардың өтініштері тіркелінбей тұрғандығы анықталды. Нәтижесінде Департаменттің тиісті ұсынымының негізінде 233 ата-ананың бұзылған құқықтары жолдаған өтініштерін тіркеу арқылы қалпына келтірілді.

Алдағы уақытта да Департаментпен мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасатын болады.

**Сержан ЕРҒАЛИҰЛЫ,**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің бас маманы.

## Мемлекеттік қызметтегі жастар: таланттарды қалай тартуға және ұстап қалуға болады?

Мемлекеттік қызмет – мемлекеттің тірегі және қоғаммен тікелей байланыс орнататын сенімді институт. Мемлекет пен азаматтар арасындағы көпір бола алатын, қоғам мүддесіне жұмыс істейтін кәсіби аппарат қалыптастыруда жастардың рөлі ерекше. Бүгінгі таңда Қазақстанда мемлекеттік қызметке жастардың қызығушылығы артып келеді. Бұл қызығушылықты тұрақты кадрлық ресурсқа айналдыру үшін жүйелі әрі нақты жұмыстар атқарылуы қажет.

Қазіргі жастар – ақпараттық технологияны жетік меңгерген, бірнеше тілді білетін, бастамашыл және жаңашыл буын. Олар ашықтық пен нәтижеге бағытталған басқару үлгісін қалайды. Сондықтан мемлекеттік қызметті жастар үшін тартымды ету – ұлттық мүдде.

Алматы облысы бойынша ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жастарды мемлекеттік қызметке тарту бағытында кешенді жұмыстар жүргізіп келеді. Нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін бірнеше маңызды бағыттар іске асырылуда.

**Біріншіден**, жоғары оқу орнын үздік дипломмен, мемлекеттік оқу грантымен аяқтаған түлектер ауылдық және аудандық деңгейдегі әкімдіктерге конкурссыз тағайындала алады. Бұл норма талантты жастарды мемлекеттік қызметке ертерек тартуға және олардың қабілеттерін іс жүзінде көрсетуге мүмкіндік береді.

**Екіншіден**, жоғары оқу орындарымен тығыз әріптестік орнатылған. Университеттерде бос жұмыс орындары жәрмеңкелері, ақпараттық кездесулер мен семинарлар тұрақты түрде өткізіледі. Бұл студенттердің мемлекеттік қызметтің мүмкіндіктерімен ерте танысуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, оқу орындарында «Мансап орталықтары» арқылы кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілуде.

**Үшіншіден**, «Жас мемлекеттік қызметші» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жоба аясында жаңа қызметкерлерге тәлімгерлер бекітіледі, бейімделу кезеңінде оқыту семинарлары өткізіледі, өңірлік және республикалық жобаларға қатысу мүмкіндігі беріледі. Жастар кеңестері арқылы олардың ұсыныстары мен бастамаларына қолдау көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметке жастарды тартуда ашық және әділ іріктеу жүйесі маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда конкурстар электронды форматта, «Е-қызмет» платформасы арқылы жүргізіліп келеді. Бұл тәсіл адами фактордың ықпалын

## Қоғамның дамуына кедергі келтіретін дерт

Сыбайлас жемқорлық – адамзат тарихында ежелден келе жатқан, қоғамның барлық саласына еніп, дамуға зор зиянын тигізетін әлеуметтік құбылыс. Ол – лауазымды тұлғалардың өз қызметін жеке басының пайдасы үшін пайдаланып, заңды бұзуы, пара алу мен беру, туыскандарына немесе таныстарына артықшылық жасау сияқты әрекеттер арқылы көрінеді. Мұндай жағдайлар әділдікті бұзып, халықтың билікке деген сенімін әлсіретеді, мемлекеттің абыройын түсіреді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев: «Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің ызғатасын шайқалтатын қауіпті құбылыс», – деп атап көрсеткен болатын. Бұл сөздің мәні зор, өйткені жемқорлық қоғамның барлық саласында – экономикада, білімде, денсаулық сақтау жүйесінде, тіпті күнделікті өмірде де өз зиянын тигізуде.

Сыбайлас жемқорлықтың негізгі түрлеріне пара алу мен беру, қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану, заңсыз шешім қабылдау, туыстық немесе достық қатынас арқылы жұмысқа орналастыру, тендерлер мен сатып алулардағы әділетсіздік жатады.

Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына бірнеше себеп әсер етеді:

- Азаматтардың құқықтық сауаттылығының төмендігі;
  - Бақылау және жауапкершілік жүйесінің әлсіздігі;
  - Кейбір мемлекеттік қызметшілердің адалдық қағидаларын сақтамауы;
  - Қоғамда «парасыз ештеңе шешілмейді» деген теріс түсініктің қалыптасуы.
- Осындай жағдайлар елдің дамуына үлкен кедергі келтіреді. Экономикалық тұрғыдан алғанда, жемқорлық инвестиция тартуға бөгет жасап, бюджеттік қаражаттың мақсатсыз жұмсалыуына әкеледі. Ал әлеуметтік тұрғыдан әділдік жоғалып, азаматтардың мемлекетке деген сенімі азаяды.

азайтады, білімі мен біліктілігіне қарай іріктелуге мүмкіндік береді және жастардың мемлекеттік аппаратқа деген сенімін арттырады.

Мемлекеттік қызметке келген жастарды ұзақ мерзімге ұстап қалу – кадрлық тұрақтылық пен сапаның кепілі. Бұл бағытта жүйелі мансаптық даму жолы қарастырылған. Әр қызметкерге жеке даму жоспары құрылып, оған сәйкес оқыту курстары ұсынылады. Конкурс арқылы жоғарылау мүмкіндігі де айқын көрсетілген. Мемлекеттік органдарда жүзеге асатын жобаларға жастар белсенді тартылып, нақты нәтижеге жауапты болады. Бұл олардың жауапкершілігін арттырып, тәжірибесін нақты іске байланыстыруға мүмкіндік береді. Көптеген мекемелерде жастарға арналған кеңселер, коворкинг аймақтары, бейресми пікір алмасу алаңдары ашылуда. Икемді жұмыс уақыты мен нәтижеге негізделген бағалау жүйесі енгізіліп келеді.

Жастар үшін мемлекеттік қызметтің тартымдылығы тек жалақымен емес, мансаптық өсу мүмкіндігімен, қоғамға пайдалы болу ниетімен және жауапкершілікке ие болу сезімімен анықталады. Осы құндылықтар нақты іске асқанда мемлекеттік қызмет жастардың таңдаулы бағытына айналады. Сондай-ақ, жас мемлекеттік қызметшілердің жетістіктерін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде кеңінен насихаттау қажет. Алдағы уақытта Агенттік үздік түлектерге арналған конкурссыз қабылдау жүйесін кеңейтуді, IT саласының жас мамандарын тарту үшін арнайы бағдарламаны енгізуді, жастармен кері байланыс тетіктерін күшейтуді және жас мемлекеттік қызметшілер форумдарын өткізуді жоспарлап отыр.

Жастар – мемлекеттің қуатты ресурсы. Мемлекеттік қызмет – ел дамуына тікелей үлес қосатын сала. Егер жастардың білімі мен жігері осы жүйеге тиімді енгізілсе, еліміздің басқару жүйесі мықты, тиімді және халыққа жақын бола түспек. Алматы облысы бойынша ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жастарды мемлекеттік қызметке тарту және оларды қолдау бағытындағы жұмыстарды жалғастырады.

**Діلمұрат САЙФУЛЛАУЛЫ,**

ҚР Мемлекеттік Қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы.

## Жамбыл ауданы әкімінің 2025 жылғы 7 қарашадағы № 397 Қаулысы

## Мемлекет мұқтажы үшін жер телімін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың, соның ішінде залалдардың орнын толтыру жолымен басталуы туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 тарауына сәйкес және Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 84 бабының 2 тармағының 3 тармақшасы, 85, 86 баптарын басшылыққа ала отырып, 2025 жылғы 28 қазандағы «Зерттеу-Ш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің хатын қарай келе аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жобаны іске асыру мақсатында «Қосқұдық (Жартас учаскесі) кен орнында кендерді өңдеу бойынша алтын өндіру фабрикасының құрылысы үшін, Алматы облысы, Жамбыл ауданында орналасқан, «Нурег Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жерінен кадастрлік нөмірі 03-045-053-514, жалпы көлемі 219,5 га, Талас Сабыржанович Бухарбаевтың жерінен кадастрлік нөмірі 03-045-053-517, жалпы көлемі 11,0 га, Манас Сабыржанович Бухарбаевтың жерінен кадастрлік нөмірі 03-045-053-002, жалпы көлемі 20,7 га, Кокен Амиргалидің жерінен кадастрлік нөмірі 03-045-053-526, жалпы көлемі 27,8 га, жер учаскелері 2026 жылдың 10 ақпан айынан бастап жер учаскелері мемлекеттік мұқтажы үшін иеліктен шығарылсын, соның ішінде залалдардың орнын толтыру жолымен басталсын.

2. Осы қаулы қабылданған мерзімнен бастап үш жұмыс күннің ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.

3. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалының Жамбыл аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінде мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарламаны мемлекеттік тіркеуден өткізілсін.

4. Осы қаулы жарияланғаннан кейін үш күннен кешіктірмей, меншік иесіне және мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға мемлекеттік мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарламаны, соның ішінде сатып алу келісім-шартының жобасын қоса ала отырып, пошталық жөнелтімді алу туралы хабарламаны міндетті алумен пошта арқылы жіберіп хабарлансын.

5. Келісу рәсімдерін жүзеге асыру үшін меншік иесінің және мемлекеттік емес жер пайдаланушылардың жүгіну орны: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Қараш батыр көшесі № 117 үй, 1 қабаты болып табылады.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

## Постановление акима Жамбылского района № 397 от 7 ноября 2025 года

## О начале принудительного отчуждения, в том числе возмещения убытков земельных участков для государственных нужд

Руководствуясь Главой 6 Закона Республики Казахстан от 01 марта 2011 года № 413-IV «О государственном имуществе», статьями 17, 84, п.2, п.п. 3, 85, 86, Земельного кодекса Республики Казахстан и согласно письма от 28 октября 2025 года Товарищества с ограниченной ответственностью «Зерттеу-Ш» акимат Жамбылского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Для реализации проекта «Строительство золотоизвлекательной фабрики по переработке руд месторождения Коскудук (участок Жартас)», земельный участок товарищества с ограниченной ответственностью «Нурег Group» кадастровый номер 03-045-053-514, общая площадь 219,5 га, Талас Сабыржанович Бухарбаев, кадастровый номер 03-045-053-517, общая площадь 11,0 га, Манас Сабыржанович Бухарбаев, кадастровый номер 03-045-053-002, общая площадь 20,7 га, Кокен Амиргали, кадастровый номер 03-045-053-526, общая площадь 27,8 га с 10 февраля 2026 года начать принудительное отчуждение земельных участков для государственных нужд, в том числе путем возмещения убытков, расположенные на территории Жамбылского района, Алматинской области.

2. Опубликовать настоящее постановление в местных средствах массовой информации в течение трех рабочих дней со дня его принятия.

3. Провести государственную регистрацию уведомления о принудительном отчуждении в Жамбылском районном отделе регистрации и земельного кадастра филиала некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация» «Правительство для граждан» по Алматинской области.

4. Не позднее трех дней после опубликования настоящего постановления уведомить собственника и негосударственных землепользователей по почте с обязательным получением письменного уведомления о принудительном отчуждении для государственных нужд, в том числе уведомления о получении почтового отправления с приложением проекта договора о выкупе земельного участка.

5. Местом обращения собственника и негосударственных землепользователей для осуществления согласительных процедур является: Алматинская область, Жамбылский район, село Узынагаш, улица Караш батыра, дом № 117, этаж 1.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Жамбылского района.

**Аудан әкімі**

**Н.Ертас**

**Аким района**

**Н. Ертас**

## Көше атауларының өзгеруі туралы ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы 1 тамыздағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» №211 бұйрығының 14-1 бабының 1 тармағына сәйкес 2025 жылғы қараша айының 13 күні сағат 10:00-де Жамбыл ауданы, Мәтібұлақ ауылдық округінің Шилібастау орта мектебінің мәжіліс залында Шилібастау ауылындағы теміржол бойындағы «Жамбыл» көшесін Ұлы Отан соғысы ардагері Уразымбетов Мұсахан Әлметейұлының атына өзгерту туралы мәселе қаралатындығын хабарлайды.

**Мәтібұлақ ауылдық округінің әкімшілігі.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 1 тамыздағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» № 211 бұйрығының 14-1 бабының 1 тармағына сәйкес 2025 жылғы желтоқсан айының 10 күні сағат 10:00-де Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылдық округінің әкімшілігінде Жамбыл ауылындағы жаңа көшеге Ұлы Отан соғысының ардагері Бекбатыр Шыныбаевтың атын беру мәселесі қаралатындығын хабарлайды.

**Қарғалы ауылдық округінің әкімшілігі.**

Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы 1 тамыздағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» № 211 бұйрығының 14-1 бабының 1 тармағына сәйкес 2025 жылғы желтоқсан айының 10 күні сағат 10:00-де Жамбыл ауданы, Қарасу ауылдық округінің әкімшілігінде Еңбекшіарал ауылындағы Мектеп көшесінің атауын Ұлы Отан соғысының ардагері Матқалық Дауренбаевтың атына ауыстыру мәселесі қаралатындығын хабарлайды.

**Жамбыл ауылдық округінің әкімшілігі.**

Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы 1 тамыздағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» № 211 бұйрығының 14-1 бабының 1 тармағына сәйкес 2025 жылғы желтоқсан айының 10 күні сағат 10:00-де Жамбыл ауданы, Қарасу ауылдық округінің әкімшілігінде Еңбекшіарал ауылындағы Мектеп көшесінің атауын Ұлы Отан соғысының ардагері Матқалық Дауренбаевтың атына ауыстыру мәселесі қаралатындығын хабарлайды.

**Қарасу ауылдық округінің әкімшілігі.**

**А.ӘШПРОВ,**

Жамбыл аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.



# ТАЛШЫНЫС ТАБЫСҚА БАСТАЙДЫ

Аудан әкімі Нұрлан Ертасұлының тұрғындармен тұрақты кездесулері жалғасуда. 11 қараша күні кезекті басқосу Теміржол ауылдық округіне қарасты Қазыбек бек ауылында өтті. Кездесуге аудандық бөлім мен мекеме басшылары, құқық қорғау органдарының өкілдері және ауыл тұрғындары қатысты.

Қазыбек бек елді мекенінде 6405 тұрғын бар. Оның ішінде 554 зейнеткер, 100 мүмкіндігі шектеулі азамат, 5 жыл ардагері, 105 алтын және күміс алқа иегерлері, 166 көпбалалы ана тіркелген. Округ аумағындағы 20-дан астам мекемеде шамамен 1000 адам жұмыспен қамтылған. Есепті мерзімде тұрмысы төмен, жетім және жартылай жетім, мүмкіндігі шектеулі, басқа да көмекке мұқтаж азаматтарға жергілікті кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының қолдауымен үнемі қайырымдылық көмек көрсетіліп келеді.

Округтің жалпы жер көлемі – 113 619 гектар. Оның ішінде 4 185 гектар – егістік, 109 434 гектар – жайылымдық жер. Ауыл шаруашылығымен айналысатын 110 шаруа қожалығында 310 ауыл тұрғыны еңбек етеді. Мал басы: ірі қара – 1743, қой-ешкі – 36 722, жылқы – 5032, түйе – 43, құс – 380 дана.

Аудан әкімі Нұрлан Ертасұлы ауыл халқын әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарымен таныстырып, индустриялық аймақ жобаларын іске асыру, инфрақұрылымды жаңғырту және халықтың өмір сапасын арттыру жөнінде баяндады. Сондай-ақ «Ауыл аманаты» бағдарламасы мен аудан көлеміндегі инвестициялық жобалар жайына кеңінен тоқталды.

Кездесу соңында ауыл ақсақалдар кеңесінің мүшесі Сабыр Айманов итерді ұстаудағы тәлімбағы «Домик в деревне» нысанын ауылдан тыс аумаққа көшіру және Бөкейұлы Толыбай көшесіне жарық шамдарын орнату туралы ұсыныс айтты. Бұл мәселелердің кезең-кезеңімен шешімін табатыны мәлімделді.

Содан кейін аудан әкімінің есептік кездесуі Ақсегірт



орында. Көшелерді жөндеу жұмыстары жүргізіліп, Көкдала ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункт тұрғындарға қызмет көрсетуде. Жамбыл ауданы прокуратурасының бастамасымен мал ұрлығының алдын алу мақсатында «Бекжан» және «Салтанат» шаруа қожалықтарында азотпен мал таңбалары жұмыстары жүргізілген.

«Генафон» ЖШС тамшылатып суару технологиясын қолдана отырып, 300 гектар жоңышқа мен 150 гектар судан шөбін өндіріп отыр. Жайсаң ауылында дәрігерлік емхананың құрылысы аяқталуға жақын. Сонымен қатар Ақсегірт, Жайсаң

ауылдық округінде жалғасты. Бұл округке Ақсегірт, Жайсаң, Көкдала және Жиренайғыр станциясы елді мекендері кіреді. Мұнда 5246 тұрғын, 895 аула бар. 470 зейнеткер мен 240 көп балалы отбасы, оның ішінде 52 алтын және 105 күміс алқа иегерлері тұрады.

Ауыл бойынша салық көрсеткіштері жоспарға сай

және Көкдала ауылдарында газ желілері іске қосылған. Тазалық жұмыстары жүргізіліп, 100 түп ағаш отырғызылды.

Кездесуде аудан әкімі Нұрлан Ертасұлы ауданда атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларды баяндап, тұрғындар қойған сұрақтарға жан-жақты жауап берді. Ақсақалдар алқасының төрағасы Тұрсынғали Сарыбаев, ауыл тұрғыны Ғабдрахман Түсіпов және алқа мүшесі Тұрсын Рысбек өз пікірлерін білдіріп, аудан әкімінің жұмысына «қанағаттанарлық» деген баға берді.

Б.Қыдырбекұлы ауылдық округінде 3020 адам тұрады. Оның ішінде 286 зейнеткер, 38 алтын және 31 күміс алқа иегері бар. Ұлттық құрамы – қазақ, орыс, неміс және өзге ұлт өкілдері. Округте 8 шағын және орта бизнес нысаны жұмыс істейді.

Инвестиция саласында «КазТрудИнвестАгро» шаруа қожалығының жер көлемі – 12 гектар, инвестиция көлемі – 220 млн теңге. Мал басы: ірі қара – 1100, ұсақ мал – 10 200, жылқы – 473, құс – 1020 бас. 1194 гектар жайылымдық, 5,6 гектар шабындық және 705 гектар егістік жер бар.

2023 жылдың қараша айында ауылға газ құбырын тарту бойынша құрылыс жұмыстары басталған болатын. Жобаның жалпы құны – 598,1 млн теңге. Мердігер ұйым – «Алматы Production Constructions Invest» ЖШС. Қазіргі таңда 70 үй көгілдір отынмен қамтылған 20 үй газға қосылуға өтініш берген.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша округтің 4 тұрғыны 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие алған. Кездесу барысында ауыл тұрғыны Ләйлә Рәкішева газ құбырларын тарту жұмысына жауапты «Теплый дом» ЖШС-ның жұмыс сапасына байланысты ескертуін айтты.

Жиын соңында аудан әкімі тұрғындардың ұсыныстары мен сауалдарын тыңдап, жауапты бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берді.

А. ТАСҚАРУЛЫ  
АТМЕКЕН

Ауыл шаруашылығы

## ӨНІРДЕГІ ӨСІМ МЕН ӨЗГЕРІСТЕР

Жамбыл ауданының ауыл шаруашылығы саласы биыл да өзінің тұрақты дамуын жалғастырып, жер емген диқан мен төрт түлікке иек артқан шаруаның маңдай терімен толыға түсті. Жыл басынан бері аграрлық секторда атқарылған жұмыстар өңірдің экономикалық әлеуетін нығайтып, ауылдық аумақтардың тіршілігіне жана серпін қосты.

Жалпы, ауыл шаруашылығы саласында 56,0 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 103,0% құрады. 2025 жылға егіс алқабы 106,4 мың гектарды құрап былтырғы жылмен салыстырғанда 1037 гектарға ұлғайды.

Егін алқаптарында көктемде басталған қарбалас жаз бойы еңбектің жемісіне айналып, күзгі науқан жүйелі ұйымдастырылды. Дикандар қауымы ауа райының құбылмалы сәттеріне қарамастан, жеріне күтім жасап, астықтың әр дөнін ыждағатпен жинауға күш салды. Егін орағы бүгінде жоспарға сай жалғасып, шаруашылықтар қажетті техникамен, жанар-жағармаймен және жұмыс күшімен толық қамтылған.

Бүгінгі күнге егін жинау науқаны қарқынды түрде жүргізіліп, 12 450 гектар күздік бидай, 35 120 гектар жаздық арпа, 350 гектар сұлы орылып, жалпы 86 365 тонна өнім алынды (орташа өнімділік – 18 ц/га). Атап айтсақ, дөңді дақылдар 50 181 гектарды құрады, оның ішінде: күздік бидай – 12,4 мың гектар, жаздық арпа – 35,1 мың гектар, жүгері – 2261 гектар, сұлы – 350 гектар. Майлы дақылдар 5444 гектар, оның ішінде: соя бұршақтары – 2,1 мың гектар, күнбағыс – 2,0 мың гектар, мақсары – 2,1 мың гектар, картоп 1621 гектар, оның 1062 гектары жеке ауладағы тұрғындар есебінен, көкөністер – 1141 гектар, оның 525 гектары жеке ауладағы тұрғындар есебінен, бақша дақылдары – 695 гектар. Ал мал азықтық дақылдар – 47 334 гектарды құрады.

Мал шаруашылығы да аудан экономикасының маңызды саласы ретінде тұрақтылығын сақтап келеді. Төрт түлікті күтіп-баптаудағы жауапкершілік, жем-шөп дайындау, қыстаққа әзірлік жұмыстары өз уақытында атқарылуда. Шаруалардың тынымсыз еңбегі мал басының сақталуына және өндіріс көлемінің тұрақты болуына ықпал етуде. Ауданның мал шаруашылығында негізгі ет, сүт бағыттары бойынша тұрақты оң динамика сақталуда, алайда тауық жұмыртқасының көрсеткіші төмендеген.

Жұмыртқа өндірісінің төмендеу себебі – аудандағы негізгі жұмыртқа өндіретін «Сұңқар Алматы құс фабрикасы» ЖШС-нің 3 айдан бері тауық басын жаңарту технологиясын қолданып, 140 мың басқа азайтуына байланысты. 2024 жылдың бірінші тоқсанында 570 810 бас тауық болса, 2025 жылдың бірінші тоқсанында 430 838 басты құрап, былтырғы жылмен салыстырғанда 24,5%-ға кеміген. Бүгінгі күнге 34,8 мың тауық қосылып, 465 617 басты құрады (2024 жылдың сәуірінде – 481 744 бас).

Құс саны 465 617 баспен былтырғы жылмен салыстырғанда 16,1 мың басқа немесе 3,3%-ға (2024 ж. – 481,7 мың бас) азайды, соның салдарынан жұмыртқа өндірісі 19,2 млн данаға төмен орындалып отыр.

Құстар санының 3%-ға төмендеу себебі – технологиялық процесс талаптарына сәйкес жасы жеткен тауықтардың есептен шығарылып, олардың орнына жас балапандардың енгізілуі. Бұл шара өнімділікті жаңарту және алдағы кезеңдерде өндіріс көлемін тұрақтандыру мақсатында жүзеге асырылған.

Ал жұмыртқа өндірісінің 22%-ға төмендеуінің негізгі себебі – жасы келген тауықтардың есептен шығарылып, олардың орнына жас балапандардың енгізілуі. Бұл шара өнімділікті жаңарту және алдағы кезеңдерде өндіріс көлемін тұрақтандыру мақсатында жүзеге асырылған.

1 тамыздағы жағдай бойынша ірі қара мал саны – 106,4 мың бас, бұл өткен жыл деңгейінен 8,2 мың басқа төмен (2024 ж. – 114,5 мың). Мал басының төмендеуіне биылғы жылғы

қуаңшылық әсер етіп, аудан тұрғындары ірі қара мал санын азайтуға мәжбүр болды.

Ветеринария басқармасы ұсынған «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру базасы» (ИСЖ) алынған үзіндіге сәйкес (2025 жылғы 29 тамыздағы жағдай) ауыл шаруашылығы жануарларының саны 22,5 мың басқа статистикалық ақпараттан айырмашылығы бар.

Ірі қара мал санының 7%-ға төмендеуінің негізгі себебі – облыстық статистика басқармасы тамыз-қазан айлары аралығында құнажындардан алынған 7592 басты есепке енгізбеген. Аталған мәселе бойынша басқармаға ресми хат жолданды. 2025 жылғы 1 қазан жағдайына сәйкес малды бірдейлендіру деректер қорында 131,5 мың бас ірі қара тіркелген.

Жыл соңында ірі қара мал басы былтырғы жылдың сәуіріндегі кезеңімен салыстырғанда өсім қалпына келетін болады.

Түйе саны – 1558 бас, бұл өткен жылдың сәуіріндегі кезеңімен салыстырғанда 176 басқа кем (2024 ж. – 1734 бас). Төмендеудің негізгі себебі – Қарасу ауылдық округіне қарасты «Газтүлек» шаруа қожалығының 204 бас түйесімен басқа ауданға қоныс аударуы.

Ауданда 12 750 басқа арналған 19 мал бордақылау алаңы бар. Бүгінде 6005 бас немесе 47% мал бордақыда тұр. Былтыр Ұзынағаш ауылында 1000 басқа арналған «Бауырлар» шаруа қожалығы өз жұмысын бастап, 550 бас немесе 55% ірі қара малын бордақылауда.

(КХ «Мыңбай» – 1500 бас, ЖШС «Әл-Ауқат-Мейірман» – 3000 бас, уақытша жұмысы тоқтап тұр). Мал бордақылау нысандарының 2025 жылғы 7 қазандағы мәліметіне сәйкес олардың жалпы сыйымдылығы – 12 750 бас, нақты жүктемесі – 47%. Алдағы айда бұл көрсеткішті 53%-ға жеткізу жоспарлануда.

1450 басқа арналған 6 сүт тауарлы ферма жұмыс істейді, бүгінгі таңда 1031 бас немесе 71,1% сиыр сауылууда.

Сүт фермалары бойынша «Айбек» және «Табыс» шаруа қожалықтарында ірі қара мал басы 800 басты құраған. Алайда «Айбек» ШҚ 2022 жылдан, ал «Табыс» ШҚ 2023 жылдан бері өз қызметін тоқтатқан. Осыған байланысты аудан бойынша сүт фермаларының жалпы сыйымдылық көрсеткіші төмендеген. 2025 жылғы 7 қазан жағдайына сәйкес ауданда 6 тауарлық сүт фермасы жұмыс істеп тұр, олардың жүктемесі – 70%.

Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инвестициялық жобаларға несие беру шеңберінде ағымдағы жылы Үнгіртас ауылдық округінен «Хеппи Фарм» шаруа қожалығы мемлекеттен жеңілдетілген 2,5%-бен жалпы құны 1,4 млрд теңгені құрайтын несие алып, 400 басқа арналған сүт тауарлы фермасын салу жұмыстарын бастады.

Жалпы агроөнеркәсіптік кешенің 9 айда тартылған инвестиция көлемі 1668,4 млн теңгені құрады. Жылдық жоспардың 83,4%-ы орындалды (2025 ж. жоспар – 2,5 млрд теңге). (ЖШС «Хеппи Фарм» – 1,4 млрд теңге инвестиция тартты).

Ауыл шаруашылығы саласын жаңа техникамен қамтамасыз ету мақсатында жалпы сомасы 564,6 млн теңгеге «КазАгроКаржы» АҚ және шаруа қожалықтарының өз қаражаты есебінен 40 дана жаңа техника сатып алынды, бұл жоспардың 88,9%-ы. Аудан бойынша тіркелген ауыл шаруашылығы техникаларының саны – 1065 дана. Техниканың тозуы – 25,7% (облыс бойынша – 41,6%), техниканы жаңарту үлесі – 16,4%.

Бұл бағытта Айдарлы, Ақсегірт, Дегерес, Жамбыл, Қарғалы, Сарытауқұм, Теміржол, Шиен округтерінде жаңа техника сатып алу дұрыс жолға қойылмаған.

Күзгі егін жинау жұмыстарына арзандатылған дизель отынмен қамтамасыз ету бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен (АШТӨ) 193,4 тоннаға 33 өтінім қабылданды. Бүгінгі күнге дейін 12 ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері дизель отынын алып, жалпы

көлемі 116,2 тоннаны құрады. Бұл жоспардың 58,3%-ының орындалғанын көрсетеді. Дизель отынын Мәтібұлақ, Самсы, Сарытауқұм, Үлгілі округтері алмаған.

Су үнемдеу технологиясы бойынша 22,7 мың гектар суармалы егістік жер тіркелген, оның 15,3 мың гектары немесе 67,4%-ы ғана пайдаланылады.

8562 гектар алқапта жаңбырлатып және тамшылатып суару әдістері қолданылады, яғни 37,8%-ы.

Биылғы жылдың жоспары – 9548 гектар, нақты орындалғаны: ЖК «Сарсенбаева» – 587 га (Бозой а/о), «Бакбол» ШҚ – 300 га (Сарытауқұм а/о), «Алуа Агро» ЖШС – 200 га (Теміржол а/о), «БакАгро» ШҚ – 200 га (Айдарлы а/о), «Дербес» ШҚ – 163 га (Бозой а/о), «ГенаФонд» ЖШС – 150 га (Ақсегірт а/о), «Мұхтар» ШҚ – 50 га (Айдарлы а/о), «Жаналық» ШҚ – 15 га (Бозой а/о).

Су үнемдеу технологиясы Аққайнар, Ақтерек, Беріктас, Дегерес, Жамбыл, Қарасу, Қарғалы, Қарақыстақ, Мәтібұлақ, Мынбаев, Самсы, Талап, Таран, Үлкен, Үнгіртас, Ұзынағаш, Шиен, Шолаққарғалы ауылдық округтерінде қолданылмайды.

«Кең дала – 1,2» бағдарламасы арқылы жалпы сомасы 670,9 млн теңгеге 16 өтінім түсіп, нақты 8 шаруа қожалығы 420,7 млн теңге несие алды (жоспар – 2,5 млрд теңге).

Бағдарламаға Айдарлы, Ақсегірт, Ақтерек, Беріктас, Дегерес, Жамбыл, Қарақыстақ, Қарасу, Мынбаев, Мәтібұлақ, Самсы, Сарытауқұм, Талап, Таран, Теміржол, Үнгіртас, Үлгілі, Шиен, Шолаққарғалы, Қарғалы округтері қатыспаған.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 3,2 млрд теңгеге 310 азаматтың өтінімі жолданды, 164 өтінім мақұлданып, кәсіп ашуға 1,4 млрд теңге несие берілді. Мақұлданған өтінімдер жолданған өтініштердің 53%-ын құрайды (оның ішінде: егін шаруашылығы – 10, мал шаруашылығы – 120, кооперация – 8, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу – 21 жоба). Бағдарлама нәтижесінде 241 жаңа жұмыс орны құрылып, жергілікті бюджетке 20,0 млн теңге салық түсті. Қалған 146 өтінім «СПК Қонаев» АҚ мекемесінде қаралуда. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аудан тұрғындарының кәсіпкерлікпен айналысуына нақты мүмкіндік беріп қана қоймай, экономикалық белсенділікті арттырып, жаңа жұмыс орындарын құруда маңызды рөл атқаруда. Бағдарламаға Айдарлы, Мәтібұлақ, Сарытауқұм, Үлкен, Үнгіртас, Шиен округтері қатыспаған.

2025-2026 жылғы мал қыстау науқанына аудан бойынша 1009 шаруашылық қатысады деп жоспарланған. Болжам бойынша қыстап шығатын жалпы мал басы – 1 млн 293 мың.

- Ірі қара 106,5 мың бас, ЖШС, ШҚ – 68 мың, жеке аулада – 38,5 мың бас
- Қой мен ешкі 1 130 мың бас, ЖШС, ШҚ – 929,9 мың, жеке аулада – 200,1 мың бас,
- Жылқы 54,4 мың бас, ЖШС, ШҚ – 38,5 мың, жеке аулада – 15,9 мың бас
- Түйе 1 622 бас, ЖШС, ШҚ – 1,6 мың, жеке аулада – 59 бас.
- Аталған мал басына сәйкес аудан бойынша шөптің қажеттілігі – 476,1 мың тонна (жоспар – 535,8 мың тонна), оның ішінде: – Шаруа қожалықтарының қажеттілігі – 368,4 мың тонна, жеке аулалардағы қажеттілік – 107,6 мың тонна. Бұдан бөлек жоспар:
- Сабан – 54,7 мың тонна, орындалғаны – 33,9 мың тонна (62,1%),
- Силос – 64,2 мың тонна,
- Құрама жем – 80,4 мың тонна, орындалғаны – 36,7 мың тонна (45,6%),
- Пішендеме (сенаж) – 48 мың тонна, орындалғаны – 22,5 мың тонна (46,9%).

Аудан бойынша барлық жиналған шөп – 535,8 мың тонна (жоспар – 535,8 мың тонна), орындалуы – 100%. Оның ішінде үш реттік



шабыстан жиналған жоңышқа – 77 070 тонна, қазіргі уақытта төртінші шабылым жүргізілуде. Шабындықтардан жиналған шөп – 67 177 тонна. Қолда бар қор – 241 836 тонна, сырттан сатып алынған шөп – 149 717 тоннаны құрайды.

Аудандағы ірі қожалықтар мал азығын көбінесе өз күштерімен дайындайды. Дегенмен ұсақ шаруашылықтарға және жеке ауладағы шаруаларға ауыл шаруашылығы бөлімі мен ауыл әкімдері тарапынан төмендегідей қолдау көрсетілуде: Балқаш, Еңбекшіқазақ аудандарынан және ауданның жоғарғы аймақтарындағы ауылдардан арзан бағадағы шөп өндірушілер мен сатушылардың байланыс нөмірлері шаруашылықтар чаттарына үнемі ұсынылып отырады. Одан бөлек, ауданымыздағы «Аманат» мал базарына апта сайын көршілес Жамбыл, Түркістан, Қарағанды облыстарынан шөп әкеліп сатылады.

Мал ұрлығын алдын алу және ауыл шаруашылығы жануарларын қорғау мақсатында ауданда пилоттық жоба іске қосылды. Жоба аясында 24 ауылдық округ бойынша мал басын таңбалау (ТАВРО тіркеу және ақпараттық бақылау-реттеу объектісі) жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күнге ауданда 3722 мал басы таңбаланды. Таңбалау жұмыстары Аққайнар, Самсы, Талап, Теміржол, Үлгілі, Үнгіртас, Шиен ауылдық округтерінде басталмаған.

Жамбылауданының агроөнеркәсіптік кешені ағымдағы жылы біраз өзекті мәселелермен қатар, жүйелі дамуы да бастан өткеріп келеді. Егін шаруашылығында өнім көлемі жоспарлы деңгейде өтуде, мал шаруашылығында көрсеткіштердің қалпына келуі күтілуде. Инвестиция тарту, жаңа фермалар ашу, заманауи су үнемдеу технологияларын енгізу сияқты бағыттар ауданның ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеруде.

«Ауыл аманаты» және өзге де мемлекеттік бағдарламалар жергілікті тұрғындардың кәсіпкерлікке нақты бұруына, шаруашылықтарды кеңейтуіне нақты мүмкіндік беріп отыр. Алдағы кезеңде аудан аграрлық сектордағы әлеуетті одан әрі арттыруды, өндіріс көлемін ұлғайтуды және ауыл еңбеккерлерінің жағдайын жақсартуды мақсат етеді.

Аян НҮРПЕЙСОВ,  
аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы.



10 қараша - Цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлерінің күні

# ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІ: ҚАЗАҚСТАН МЕН ӘЛЕМ ТӘЖІРИБЕСІ

*XXI ғасыр – цифрландыру ғасыры. Бүгінгі таңда адамзат өркениетінің барлық саласы – экономикадан бастап, білім мен денсаулық сақтауға дейін – сандық форматқа көшіп, жаңа даму кезеңіне аяқ басты. «Ақпарат – жаңа мұнай» деген ұғым енді жай сөз емес, нақты шындыққа айналды. Бұл үрдістен Қазақстан да шет қалған жоқ. Елде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып, экономиканың, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық бағытына цифрлық шешімдер енгізіліп келеді.*



- Экономика салаларын цифрландыру;
- Цифрлық мемлекет қалыптастыру;
- Инновациялық экожүйе құру;
- Адам капиталды дамыту;
- «Цифрлық Жібек жолын» қалыптастыру.

Бағдарлама аясында мемлекеттік қызметтер мен өндірістік процестерде заманауи цифрлық технологиялар енгізіліп, жасанды интеллект, Big Data және бұлттық есептеулер кенінен қолданылуда.

#### Білім беру жүйесіндегі цифрлық серпіліс

Білім саласы – цифрландырудың басты бағытының бірі. Бүгінде Қазақстандағы 8 042 мектептің 7 917-сі интернетке қосылған, оның ішінде 4 663 мектеп талшықты-оптикалық байланыспен қамтамасыз етілген.

Мұғалімдер мен оқушылар «Kundelik», «Bilimal», «EDUS» платформалары арқылы оқу процесін онлайн форматта жүргізеді. Жоғары оқу орындарында Coursera, OpenU.kz, EdX сияқты халықаралық білім беру платформалары қолданысқа енді. 2023 жылы еліміздің 93 жоғары оқу орны осы бағдарламаларға қосылып, 46 мыңнан астам студент халықаралық сертификаттар алды. Бұл – білім сапасын арттырып қана қоймай, ауыл

мен қала арасындағы білім теңсіздігін азайтуға сеп болды.

#### Денсаулық сақтау саласындағы цифрлық жүйе

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегінше, бүгінде медициналық қызметтердің 87 пайыздан астамы электронды форматқа көшкен. Азаматтар eGov порталы арқылы онлайн дәрігерге жазылып, электронды денсаулық паспортын және түрлі анықтамаларды оңай ала алады.

Қазір бірыңғай медициналық ақпараттық жүйе қалыптасуда. Бұл жүйе әрбір азаматтың денсаулық тарихын цифрлық дерекқорға сақтап, медициналық қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Өндіріс пен экономикадағы жаңа шешімдер Өндіріс саласында «Цифрлық фабрика», «Цифрлық карьер» жобалары енгізіліп, өндіріс процестері автоматтандырылып жатыр. Бұл шешімдер еңбек өнімділігін арттырып, адам еңбегін жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, сауда секторында цифрландыру нәтижесінде 20 миллиард теңгеден астам қаражат «көлеңкелі экономикадан» шығарылған.

Мемлекеттік қызметтер де біртіндеп электронды форматқа көшу үстінде. Бүгінде қазақстандықтардың 90 пайыздан астамы қажетті қызметті eGov.kz порталы арқылы онлайн пайдалана алады.

Қазіргі уақытта елімізде тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау мақсатында жасанды интеллектке негізделген төрт ірі цифрлық жоба іске асырылуда.

Мемлекеттік тілде контент өндіру және дыбыстау жүйесі. Бұл жоба инклюзивті топтарға, атап айтқанда есту немесе көру қабілеті шектеулі азаматтарға арналған. Контент автоматты түрде дыбысталып, ым-шара тіліне аударылады.

«Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын цифрландыру» жобасы арқылы музейлер, театрлар, көрмелер және ұлттық архивтер цифрлық форматқа көшірілуде.

Ұлттық цифрлық білім базасы — жасанды интеллект элементтерімен жабдықталған жүйе. Ол «e-Кітапхана» мен «e-Архив» платформаларымен біріктіріліп, барлық білім ресурстарын бір орталықтан қолжетімді етеді.

«Бағырларға тағзым» порталы – Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай ашылған жоба. Онда 100 мыңнан астам майдангер мен тыл еңбеккерлері туралы мәлімет жинақталған.

Бүгінгі цифрлық дәуірдің басты мақсаты – адам өмірін жеңілдету, қоғамды ашық ету және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру. Болашақта цифрландырудың сәтті жүзеге асуы тек технологияға ғана емес, адам капиталының сапасына да байланысты. Сондықтан да ең маңызды ресурс – білімді, саналы және технологияны дұрыс қолдана білетін адам. Әлемдік тәжірибе мен Қазақстанның бағыт-бағдары бір арнада тоғысып отыр. Барлық күш-жігердің түпкі мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, елдің басқару жүйесін тиімді ету және қоғамды ашық, әділ, заманауи бағытқа көшіру.

Цифрландыру – келешектің кепілі ғана емес, бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан әр азамат осы өзгерістің белсенді қатысушысы болып, цифрлық сауаттылық пен жаңа технологияны меңгеруге ұмтылуы тиіс.

## 11 қараша – Халықаралық энергияны үнемдеу күні

# Энергия үнемдеу – болашақтың басты талабы



электр энергиясын тұтыну деңгейі артады. Адамдар энергияны үнемдейтін құрылғыларға неғұрлым көп қаражат салса, соғұрлым жоғары технологиялық және экологиялық таза өнімдердің өндірісі де қарқынды дамиды.

Қазірдің өзінде адамдар энергияны үнемдейтін жүйелері бар және жарықтандыру мен электр құрылғыларын қашықтан басқаруға арналған қосымшалары бар «ақылды» үйлерде тұрады. Жарықтандыру, тұрмыстық техника және электроника біздің өмірімізді барынша ыңғайлы етеді. Дегенмен, электр энергиясын өндіру табиғи ресурстардың көп мөлшерін қажет етеді.

Бүгінде дамыған елдер энергия үнемдеуді ұлттық саясаттың маңызды бөлігіне айналдырған. Еуропалық Одақ елдерінде энергия тиімділігі жөніндегі директивалар қабылданып, ғимараттарды жылу оқшаулау, көлік қозғалысын оңтайландыру және жаңартылатын энергия көздерін қолдану міндетті талапқа айналды.

Мысалы, Нидерландтағы «EnergySpring» жобасы – ескі үйлерді жаңа технологиямен қайта жаңғыртып, энергия тұтынуды бірнеше есе азайтуға бағытталған бастама. Ал Оңтүстік Кореядағы «One Less Nuclear Power Plant» бағдарламасы азаматтардың белсенді қатысуымен энергия үнемдеуді және күн панельдерін орнатуды жаппай іске асырудың үлгісіне айналды.

Жапония мен Германияда «ақылды үйлер» мен «жасыл кеңселер» жүйесі кең дамыған. Мұндай ғимараттар жарық, жылыту, желдету сияқты процестерді автоматты түрде реттеп, энергияның артық жұмсалыуына жол бермейді.

АҚШ-тағы «Bullitt Center» және Нидерландтағы «The Edge» ғимараттары өздерін толық энергиямен қамтамасыз етіп, «нөлдік тұтыну» (net-zero) стандартына жеткен озық үлгілер болып саналады.

Қазақстан да энергия тиімділігін арттыруды стратегиялық мақсат ретінде айқындап отыр. Елімізде 2023-2029 жылдарға арналған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру тұжырымдамасы бекітілген. Бұл құжатқа сәйкес, елдегі энергия тұтынуды 15%-ға дейін қысқарту және өндіріс секторында жаңа технологияларды енгізу көзделген.

Энергия үнемдеу бойынша бірнеше ірі жоба жүзеге асуда:

- Алматы облысында жалпы қуаты 322 МВт болатын жаңартылатын энергия көздері (күн, жел, шағын ГЭС) жобалары іске қосылуда;
- Атырау мен Қарағанды облыстарында энергияны автоматтандырылған есептеу және бақылау жүйелері енгізілді;
- Астана мен Шымкент қалаларында «жасыл кеңсе» қағидасы бойынша мемлекеттік ғимараттарды жаңғырту басталды.

Сонымен қатар, «Энергия үнемдеу – 2020» бағдарламасының жалғасы ретінде жаңа заңнамалық нормалар әзірленіп, тұрмыстық секторда энергия тиімді тұрмыстық техниканы қолдану насихатталуда.

Энергия үнемдеу – тек электр қуатын аз тұтыну емес, бұл – жауапты өмір салтының өлшемі. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әр

азаматтың ұқыптылығы мен үкіметтің жүйелі саясаты бірігіп, орасан үнем мен экологиялық тұрақтылыққа жол ашады.

Қазақстан үшін басты мақсат – энергия тиімділігін арттырумен қатар, жасыл технологияларды өндіріске енгізу және тұрғындардың экологиялық мәдениетін күшейту. Энергияны сақтау – табиғатты сақтау, ал табиғатты сақтау – келешекті қорғау.

Экономиканы тұрақты дамыту үшін өздеріңізге белгілі Жамбыл ауданына қарасты Үлкен ауылдық округінде АЭС құрылыс жұмыстары бастау алған болатын. Бұдан бөлек Президент екінші, тіпті үшінші атом электр станциясының құрылысын қазірден бастап жоспарлау керігін мәлімдеді. Оған қоса тоз-тозы шыққан инфрақұрылым жағдайын Үкімет пен әкімдіктің селқостығынан көрді. Қанатқақты жоба «Росатоммен» бірге жүзеге асырылуда. Енді билік тағы екі АЭС салу мәселесін қарастырады. Осы ретте Президент қуат көздерін жан-жақты жаңғыртып жатқанымызға назар салды. Тек ядролық энергетика емес, «жасыл» энергия нысандары да қамтылуда. Мысалы, алдағы бес жылда 6,3 гигаватт баламалы қуат көзін іске қосу жоспарланып отыр. Бірақ бұл жеткіліксіз. Мемлекет басшысы сол үшін АЭС тақырыбына қайта оралды. Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстанның түпкі мақсаты – қуат көздерін өзгерту емес. Бұл – ең алдымен еліміздің энергия жүйесінің нақты мүмкіндігі мен мемлекетіміздің ұзақмерзімді мүдделеріне негізделген тұрақты даму жолы. Қазақстанның сапалы көмір қоры орасан. Сондықтан оның табиғатты ластамайтынына кепілдік беретін озық технологияларды қолдана отырып, көмір энергетикасын дамытуға ерекше назар аудару қажет», – деді.

Иә, жалғыз АЭС-ке арқа сүйеіп отыра алмайтынымыз да түсінікті. Сондықтан энергетика саласының өзге де бағыттары қолға алынбақ. Қазір құзырлы органдар инфрақұрылымды жаңғыртуға тырысып жатыр. Мәселені реттеу үшін тариф бағасы көтерілді. Осы ретте Президент сапаға мән беру керектігін қадап айтты.

Жас ұрпақ пен тұтынушыларды энергияны үнемдеуге үйрету де маңызды. Бұл – жарықты мақсатсыз пайдаланбау, энергияны көп қажет ететін өнімдерден бас тарту, балабақшадан бастап энергия үнемдеуді үйрету және осы бағыттағы насихатты күшейтуден тұрады.

Бетті өзірлеген тілші: **Майра РАЙЫМБЕРДИЕВА**



# АҢСАР МҰСАХАНОВТЫ АҢСАУ

## Кең мінезді, көркем ойлы

Уай, дүние-ай! Жалған дүние-ай! Алатау, Жетісу дейтін жаннат аймақтың қалың еліне ғана емес, қазақ дейтін қабырғалы қара орман халықтың санасына соңғы ширек ғасыр ішінде қайраткер тұлға, елгезек басшы, адал, ақжүрек азамат болып бекіген, ұлтымыздың үлкенді сыйлау, кішіге үлгі болу дейтін өрісі кең, өнегелі үлгісі бойына мол дарытқан аяулы бауырымыздың қазасын естігенде қабырғам қайысты, қайғыға баттым.

Аты да Аңсар, өзі де Аңсар, өзгеше бітімді азамат еді! Қандай жерде, қандай ортада болсын, жүзінен нұр шашып, ағалап алдымыздан шығатын, әкімдігін ұмытып, атының басын ұстайтын, інілік ізетінен жаңылмайтын қайран бауырым-ай! Жүрегіңнің жомарттығы мен жаныңның тазалығын танытып, бойыңа жарасып, қатар қонған кісілік пен кішілігіңе көз де, көңіл де тоюшы еді.

Сен өз қатарыңның ішіндегі арғы дәуір мен бергі дәуірдің арасына құрмет пен сыйластықтың ғажайып көпірін орнықтыруға ұмтылып жүретін сиректеріміздің бірі, бірегейі болатынсың. Жол көрген, жөн білетін, елтану мен жертанудың мектебі қалыптасқан қасиетінен айналайын ұлы Сүйекең мен ұлы Жәкеңнің топырағынан өніп-өскен кең мінезді, көркем ойлы бауырым!

**Нұрлан ОРАЗАЛИН,**  
ҚР Мемлекеттік сыйлығының  
лауреаты.



Қара жердің койнында кімдер жатқан жоқ дейсіз?! Және де кімдер жатпаса дейсіз?! «Торқадай жамылып ап топырағын, Жатармын өз жерімде бір төмпеші», – деп ақын Қасым Аманжолов айтқанындай, мына бір төмпешік болып жатқан Аңсардың... Иә, кәдімгі Аңсар Тұрсынханұлы Мұсахановтың қабірі.

31 шілде (1966) туған күні! 2025 жылдың 19 ақпаны – дүниеден қайтқан күні! Алпысына жетпей кетті. Көркем мінездінің келістісі еді. Арлы еді. Қашан болсын арды ойлайтын Аңсар азаматтың аузынан түспейтін «әйтеуір ұят болмасыншы» деп айтып отыратын бір ауыз сөзі болушы еді.

Аңсардың әкесі Тұрсынхан Жортақұлының да кемелділігі бір басқа. Тұлғасының өзіне көз тоя Тұрсынхан ағамыздың да тұлға бойындағы бір ірілікті бірден аңдар едіңіз. Бекзат болмысты Тұрағамыз да жоғары білімді маман ретінде өз кезінде түрлі шаруашылықтарда абыройлы қызметтер атқарды. Ал, әлі де болса өзінің жүріс-тұрысынан да, сөйлеген сөзінен де, мінезінен де әлдебір аристократтық, былайша айтқанда ақсүйектік қасиет бірден байқалар Аңсардың анасы Клара Баймұхамбетқызы ұзақ жылдар бойы ұстаздық еткен жан еді. Қазір сол ел анасының қабірі ұлы Аңсармен қатар жатыр...

2011 жылдың 13 сәуірінде Аңсар Мұсаханов Алматы облысының әкімі болып тағайындалып, үлкен бір сенім жүгін арқалады. Одан кейін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды. Талай-талай азаматтарды білдік, талай-талай азаматтармен бірге жүрдік. Әрқайсысы – бір төбе! Адамдарды жақындастыра да білер, кісі сыйлауды да үйрете білер адамгершілік асыл қасиетімен сол адамдықтың тағы бір асқар биігіне көтерілгендердің бірі де, бірегейі де, көркем мінездінің келістісі де – Аңсар Мұсаханов еді жарықтық!

Алпысына да жете алмай кеткен арыс ғұмыр! Көкейден әлдебір өкініш кетпейді, әлдебір сағыныш кетпейді! Не айтайын, жатқан жерің жарық болсын! Ұрпағың бар ұлағатты! Солар ғұмырлы болсын!

**Жабал ЕРҒАЛИЕВ,**  
Мемлекет және қоғам қайраткері

## Достықтың куәсі – студенттік жылдар естелігі

Аңсар Мұсахановты мен студенттік жылдардан білемін. Ол кезде жаспыз, арманымыз биік, болашағымызға сеніміміз зор еді. Аңсар екеуіміз бір бөлмеде тұрдық. Сол күндердің өзі бүгінде естелік болып, жүрегімде мәңгі сақталып қалды.

Аңсар – кісіге жұғымды, жан-жағына әрдайым жылу сыйлайтын жігіт болатын. «Екеуіміз бірге бөлме алайық» дегенде қатты қуанып едім. Оның қасында жүргенде өзің де өзгеше бір сенімге бөленесің.

Бір күні Аңсар маған бір қызды көрсетті. Ол – Анар еді. Аршыған жұмыртқадай аппақ, жүзі нұрлы, дауысы нәзік қызға Аңсар сол сәттен бастап ғашық болды-ау деймін. Кейде қарасам, Анар біздің бөлмеде отырып сабаққа дайындалады. Ал Аңсар болса, беліне жейде байлап алып, едетінше әзіл-қалжыңмен бөлмені думанға айналдыратын.

Көп ұзамай, Аңсар үйлену туралы ойын айтты. «Кішіні курста оқып жүрсек те, ауылға барып рұқсат сұрайық», – деді. Сөйтіп, сенбі-жексенбі сайын Ақшидің Айдарлысына жол тартатынбыз.

Аңсардың әкесі Тұрсынхан аға бізді студент кезімізде қатты қолдап жүрді. Жатақханаға кіргізбей, сыртқа шақырып алып, партия мектебінің асханасына апаратын. Ал Аңсар болса, атасы мен әжесінің қолында өскен, еркелетіп тәрбиеленген екен.

Үйлену туралы әңгіме шыққанда бәріміз сәл абыржыдық. Әсіресе, анасы Клара төтеміз қаталдау кісі еді. «Сабақ оқисыңдар ма, әйел аласыңдар ма?» – деп дүрсе қоя берді. Біз болсақ, «бір-бірін жақсы көріп қалыпты», – деп күмілжіп қоямыз. Ақыры, әкесі келісімін беріп, бірақ бір шарт қойды: «Сабақты тастайтын болсаңдар, үйге кіргізбеймін!», – деді. Сөйтіп, тойды демалыс күндері жасадық. Ол кезде біз жаспыз, жағдайымыз да шектеулі. Костюм бар, бірақ туфли жоқ. Қиындықпен болса да, туфли тауып алдым. Үшеуіміз – Аңсар, Анар және мен – қол ұстасып автобуспен Айдарлыға тарттық. Қыс, қара суық. Тоғыз сағат жол жүріп, өйтеуір жеттік. Сол той әлі күнге дейін көз алдымда. Қарапайым, бірақ көңілді, жүрекке ыстық сәт еді. Міне, осылайша Аңсар мен Анар отау құрды. Кейін балалар дүниеге келді.

Аңсар студент кезден өзгеше еді. Босқа қыдырмайтын, уақытын сабаққа арнайтын. Хоббиі футбол болатын. Сабақтан қалмайтын, жауапкершілігі зор еді. Балалары дүниеге келгенде де, сабақтан қол үзбей, барлығын қатар алып жүрді. Оның әкесі Тұрсынхан аға ұлындай емес, інісіндей қалжыңдасып отыратын. Аңсар да әке-шешесіне жақын болып, әрқашан құрмет көрсетіп жүрді. Аңсардың достыққа беріктігіне талай рет куә болдым. Бір жолы Көкшетаудың қызымен таныстым. Соған бармақ болып жүргенде, Аңсар: «Досымды жалғыз жібермеймін!», – деп бірге сапар шекті. Осындай қасиетімен ол бізге ғана емес, баршаға қадірлі болды. Мен үшін Аңсар – дос қана емес, бауыр. Оның адалдығы, қарапайымдылығы, отбасына деген қамқорлығы мен достыққа деген берік көзқарасы – шын мәнінде үлгі. Бүгінде сол күндерді еске алғанда, жүрегім жылып сала береді.

Аңсар Мұсаханов – тек елге еңбегі сіңген қайраткер ғана емес, нағыз азамат, адал дос, асыл жар, ардақты әке болып өткен жан. Үйленгенде әйелімді Аңсар мен Анардың үйіне таныстыруға апардым. Кешкі мезгіл еді. Үйге келсек, Аңсар үйде жоқ екен. «Аңсар қайда?», – деп едім, «Отағасынан қашан келесің деп сұрамаймын ғой», – деді. Орысша өскен Анар қазақы, тәрбиелі келін болғанына сол кезде қатты сүйсініп едім. Одан бері қаншама уақыт өтсе де сол қазақы қалыбынан, тәрбиесінен айныған емес.

**Тілеулі ӘЛДИБЕКОВ,**  
курстас досы.



## Отбасы мен тағдыр байланысы

Біздің ата-аналарымыз – ағайындылар. Менің атам – Оразтай Қиқымның екінші ұлы. Қиқымның төрт ұлы болды: Ораз, Оразтай, Оразалы, Мүсірәлі. Екі қызы – Бану мен Меруана. Біз тарихтың қиын кезеңінде, Кеңес заманында «Халық жауының» ұрпағы болып, қудаланып, жақ-жаққа тарап кеттік.

Біздің әулетіміздің әр мүшесінің тағдыры да қиын болды. Оразтай атам Текелі комбинатын ашып, елге қызмет етті. Бірақ тұтқындалды, ал інісі Оразалыны да ұстап әкеткен. 1938 жылы 28 ақпанда Оразалыны «Жаңалықта» деп жариялады, ал екі күннен кейін, 2 наурызда Оразды ату жазасына кеседі. Мүсірәліге – 10 жыл, ал Оразтайға – алты жыл берілді. Сол кезеңде біздің әулетіміздің өмірі талай рет сынға түсті.

Біздің шежіремізде Аңсар Мұсахановтың әкесі Тұрсынхан мен атасы Мұсаханнның байланысы ерекше. Мұсахан ата Қозыбайдан тарайды, ал біз Қиқымның ұрпақтарымыз. Осылайша, Аңсар мен біздің әулетіміз рулас, яғни Жандосовтың інісіндей туыс екендігі тағдырмен бекіген.

1958 жылы біз Жандосовқа қайта жинала бастадық. Мұсахан ақсақалды іздеп, Қырғызстаннан тауып әкелді. Ол бізге үй беріп, Жандосовқа орналастырды. Сол жерде Айдарлыға көшіп, Мұсахан атаның қолында Тұрсынхан мен Клара тәтем үйленді. Аңсар

сол отбасының сүйегінде өсті, дәстүр мен тәрбие бойына сіңді. Кейін сол Аңсардан туған Алмас та Мұсахан ақсақалдың қолында өсіп, сол дәстүрге бағынды.

Анам он құрсақ көтеріпті, алғашқы төрт баламыз шетінеп кеткен соң бесінші ұл дүниеге келгенде арнайы ырым жасап, атын Сатыбалды қойды. Содан кейін мен өмірге келдім. Аңсар мені он жасында бауыр ретінде емес, тең қызметтес, мықты маман ретінде көрді. Біз бірге қызмет етіп, халыққа адал болуды үйрендік.

Аңсар – халықтың адамы, бауырмал, бастамашыл. Ол әрқашан идеяны бағалап, іске асыруды қолдайтын. Серік Үмбетовпен бірге әкімдік міндетін атқарғанда, халыққа жақын болуды, іс-әрекеттердің халыққа пайдасын ойлауды әрдайым ескертетін.

Оның бауырмалдығы мен туыстарға деген қамқорлығы ерекше еді. Бізбен үнемі байланыста болып, хабарласпағанымызды сезсе, өзі қоңырау шалып, «неге хабарласпайсың?», – деп сұрайтын. Отбасында да өнегелі азамат болды, балаларға қамқор, әрбір туысының халін сұрап жүретін.

Аңсардың өмірі – тағдырдың сыны мен отбасы дәстүрінің үйлесімін көрсеткен үлгі. Біз үшін оның барлығы тек ағайын ғана емес, өмірлік жолдас, нағыз бауыр, халыққа адал қызметкер ретінде мәңгі есте қалады.

**Сәтжан ҚИҚЫМОВ,**  
ағасы

## Қайран, Аңсар!

Қызмет таныстырған ардақты азамат, ілтипатты іні, байыпты басшы Аңсар Тұрсынханұлы Мұсахановты Жамбыл және Қарасай аудандарында әкім болып жүрген кезінен тани бастадым. Ең әуелі оның сирек кездесетін есіміне назар аудардым. Аңсар. Бір әулеттің сәбіге зар болып жүргенде дүниеге келген перзенті ғой деп топшылады. Кейіннен бұл аттың дінге де қатысы бар екенін білдім. Мұхаммед пайғамбарымыз ислам дінін таратқан кезде оны алғаш қолдап, қуаттаған адамдарды Аңсарлар деп атаған екен. Қалай болғанда да жақсылыққа, адамға деген ерекше ілтипатқа не Аңсарға бұл есім жарасып тұратын.

Барша жұртқа жылы көзбен қарайтын ұзын бойлы, кең кеуделі Аңсармен алғашқы кездескен сәттен бастап әңгімеміз жарасып кетті. Менің қауайтыным туған тілдің мәселесі болғандықтан қос ауданда әкім болып тұрған кезінде тіліміздің қолданыс аясын кеңейтуге көп көмегін тигізді. Әсіресе іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру, аралас мектептердің санын азайту сияқты мәселелерге жете мән берді. Ең бастысы, әкімнің деп сіресіп отырған жоқ, сөйлесіп, пікірлесіп, тілдегі түйінді түйткілдерді жоюға тікелей атсалысты.

– Ана тілімізді ардақтамасақ, несіне атқа мініп, қоқиланып азамат болып жүрміз, – деді сөзінің төктерінде ол.

Кейіннен мен Астанаға Төтенше жағдайлар министрлігіне Басқарма бастығы болып қызметке ауыстым. Аңсар Тұрсынханұлы Алматы облысының әкімі болып тағайындалды. Кейде телефонмен сөйлесіп, кейде түрлі жиналыстарда кездесіп қалып әңгімелесіп жүрдік. Сол баяғы қалпы, сол Аңсар, қызмет оны еш өзгерте алған жоқ. Бір жылдары облыстағы ақпарат құралдарын басқаратын медиахолдингке, бірде ішкі саясатқа басшы болып келуімді өтінді. Бес жыл бойы қызмет атқарып жүрген жылы орнымды суытқым келмей, тізгін тарттым. «Ер кезегі үшке дейін» деген емес пе, өзі хабарласып, облыс әкімінің кеңесшілігіне шақырды. Осы жолы бас тартуды жөн деп таппадым. Аз да болса көмегімді тигізгім келді. «Ат айналып, қазығын табады, Ахмет айналып, Жетісудан рухани азығын табады» деп қалжыңдадым мені таныстырған жиында. Сөйтіп, облыс әкімінің әлеуметтік-рухани салаға кеңесшілік қызметіне қызу кірісіп кеттім. Бұрын облыс әкімдігінің үш бірдей бөлімін басқарған маған мұндағы шоғырланған мәселелер айнадағыдай көрініп тұр еді. Басшымен ақылдасып, идеология саласы бойынша байыпты бағдарлама жасадық. Амал не, мен келгеннен кейін небәрі үш айдан соң Аңсар Парламенттің Сенатына депутат болып сайланды. Сәттілік тілеп, біз Талдықорғанда қала бердік. Алайда хабар үзбей, тонның ішкі бауындай ағалы-іні болып, алыстан сыйласып, хабарласып тұрдық.

Бірде Астанаға қонаққа шақырды. Үйде өзінің курстастары Ырғыз ауданының әкімі Әділгерей Әуелбаев пенен Абай ауданының кәсіпкері Сәкен Бөлеков бар екен. Достарының көзінше: «Ахмет ағадан ұят болды, өзім қоймай шақырып, жұртта қалдырып кеткендей болып жүрмін, күзде бір жақсы үй берілетін еді, содан керемет кең пәтер бермекке ниеттеніп едім, болмай қалды» деп, айыпты болғандай иығыма шапан жапты. Осы бір оқиғаның өзі Аңсардың адамгершілігінің қаншалықты биік екенін көрсетпей ме? Ақтамберді жырғау айтқандай: «Арғамда атқа мінсе де, артқы топтан адаспаған» азаматтың арлы кейін танытпай ма? Қайран, Аңсар, жалғыз маған емес, барлық азаматтарға осындай ақ пейілділік білдіруші еді. Жүрегі кең де нұрлы, көңілі көл-көсір еді. Жаратылысынан жан баласын жатырқамайтын жомарт мінезді ол айналасындағыларға тек жақсылық жасауға тырысатын. Асқарлы алпысына жетпесе де, адал жар, ақылман әке, Алатаудай ата болып үлгерді. Оның жаз дидарындай күліп тұратын нұрлы келбеті менің көңілімде берік қоныстанып қалды. Жаны жұмақ та, рухы биікте болсын!

Қайран Аңсар, өзгеден ерек еді, Жүрісі де, күлісі бөлек еді. Жан біткенді аңқылдап қарсы алатын, Бәрімізге бір Аңсар керек еді! Керек еді бір Аңсар керек еді, Тағдыр қашан тарланып елеп еді? Тамырына неге дерт дарытты екен, Келеңкесін кең жайған терек еді! Қайран інім, көңілі таң сәрі еді, Елінің амандығын аңсап еді. Көзден кетіп, көңілден кетпейтұғын, Бар қазақтың қимайтын Аңсары еді!

**Ахмет КЕНДІРБЕКҰЛЫ,**  
Алматы облысының Құрметті азаматы.



# ҚОРАДАҒЫ МАЛҒА ҚЫРАҒЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

Жамбыл ауданы – ежелден төрт түлігін түлетіп, нәпақасын мал шаруашылығынан тауып отырған аграрлы аймақ. Тұрғындардың басым бөлігі мал өсірумен айналысып, сол арқылы отбасылық тұрмысын түзеп, ел экономикасына үлес қосып келеді. Дегенмен, соңғы жылдары ел ішіндегі ең өзекті мәселелердің бірі – мал ұрлығы болып отыр.

Жайылым жердің аздығынан шаруалар көбіне малын тау мен тоғай арасына өргізеді. Мұндайда бақылаусыз жүрген малды ұрлау фактілері жиілеп, тұрғындардың мүлкіне, еңбегіне қол сұғушылардың әрекеті жиі тіркелуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау және меншік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мал ұрлығына қатысты жазаны қатаңдатуды тапсырған болатын.

Бүгінде Жамбыл аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Б.Қапасовтың мәліметінше, ағымдағы жылдың он айында аудан аумағында жалпы қылмыс саны өткен жылмен салыстырғанда 9,7%-ға азайған (803-тен 725-ке дейін). Бұл – құқық қорғау органдары мен жергілікті биліктің бірлескен жұмысының нәтижесі. Соның ішінде мал ұрлығы да біршама төмендеген. Өткен жылмен салыстырғанда тіркелген мал ұрлығы фактілері 17,6%-ға азайып, 51-ден 42 жағдайға түскен. Аталған қылмыстардың ашылу көрсеткіші 0,6%-ға жақсарған.

Дегенмен, мәселенің түбегейлі шешімі әлі табыла қойған жоқ. Әсіресе, ауылдан шалғай жайылымдар мен түнгі уақытта мал ұрлығы жиі тіркеледі екен. Полиция дерегінше, жыл басынан бері 19 ұрлық күндіз, 10 дерек кешкі мезгілде (17:00–22:00 аралығында), ал 12 дерек түнгі уақытта (22:00–06:00) жасалған. Аудан бойынша мал ұрлығының ең көп тіркелген аймақтары:

- Жоғарғы аймақ – 16 факт;
- Тас жол бойы – 11 факт;
- Ұзынағаш ауылы – 7 факт;
- Шалғай ауылдар – 6 факт;
- Мыңбаев ауылдық округі – 2 факт;
- Ал Қарғалы ауылдық округінде бірде-бір мал ұрлығы тіркелмеген.



Қол сұғу нысаны бойынша:

- 21 дерек ұсақ малға (778 бас қой мен ешкі),
- 21 дерек ірі қара мен жылқыға (41 сиыр, 212 жылқы) қатысты.

Мал ұрлығынан аудан тұрғындарына келтірілген жалпы материалдық шығын 180 миллион теңгеден асып отыр. Оның ішінде ұсақ малдан келген шығын – 56,8 млн теңге, ірі қарадан – 22,9 млн теңге, жылқыдан – 100,3 млн теңге.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, ұрланған малдардың басым бөлігі – иелері қараусыз жіберген жайылымдардан жоғалған төрт түлік. Биыл тіркелген 42 ұрлықтың 31 дерегі ашық жайылымнан, 9 дерегі қорадан, ал 2 дерек Ұзынағаш ауылындағы «Аманат» мал базарында тіркелген. Бұл жағдайдың туындауына кейде мал иелерінің немқұрайлығы, малдың таңбаланбауы және есепке алынбауы себеп болып отыр.

Құқық қорғау органдары мен жергілікті билік өкілдері мал ұрлығының алдын алу бағытында жүйелі шаралар атқаруда. Аудан бойынша жыл басынан бері «Мал ұрлығы» атты үш жедел-профилактикалық іс-шара өткізілген. Мал жаю ережесін бұзған 224 адамға ҚР ӘҚБтК-нің 408-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл салынған. Сондай-ақ ветеринария саласындағы заңбұзушылықтар үшін 41 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 1,6 миллион теңгеден астам айыппұл өндірілген.

Бүгінде аудандық әкімдік пен ауылдық округ әкімшіліктері мал ұрлығының жолын кесу мақсатында бірқатар жаңа тетіктерді енгізіп



отыр. Қазіргі таңда 24 ауылдық округпен меморандум жасалып, белгісіз иесі бар немесе құжаты жоқ ауыл шаруашылығы жануарларын уақытша ұстау орындары бекітілді. Сондай-ақ ауыл әкімі – бақташы – мал иесі арасында ұшжақты келісім-шарттар жасалып, мал бағу тәртібі, уақыты және төлем мөлшері нақты белгіленді. Қазіргі таңда аудан бойынша мұндай 75 келісім-шарт күшіне енген. Бұған қоса, елді мекендерге бейнебақылау камераларын орнату, малдарды таңбалау және сәйкестендіру, мал базарларында құжатсыз сауда жасауға тыйым салу сияқты шаралар жүзеге асырылып келеді. Ауылдық округтерде мал санағы комиссиялары құрылып, тоқсан сайын ауыл тұрғындарының қора-копсыларын аралап, төрт түліктің нақты санын анықтау және бірдейлендіру жұмыстары жүргізілуде.

Мал ұрлығы – тек мүліктік емес, әлеуметтік сипаттағы қылмыс. Оның алдын алу – тек полицияның ғана емес, бүкіл ауыл халқының ортақ міндеті. Жергілікті тұрғындар да сақтық шараларын күшейтіп, малдарын таңбалау, бақташылармен келісім жасау және бейберекет жайылымға жібермеу арқылы өз еңбегін қорғауға тиіс. Құқық қорғау органдары мен жергілікті биліктің тығыз өзара іс-қимылы нәтижесінде аудандағы мал ұрлығының деңгейі біртіндеп төмендеп келеді. Алайда бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасады.

А. ӘЙГЕРІМ ӘБУ  
АТАМЕКЕН

Жамбыл аудандық білім бөлімінің келісімімен 2025 жылдың қараша айынан бастап Алматы облысы, Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде 2026 оқу жылына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындары туралы ақпарат және үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі.

## Мамандық қана емес, мәртебе!



Әскери білім беру жүйесі – 9 (тоғыз) әскери оқу орны. Орта білім беру құрамына Астана, Алматы, Қарағанды, Шымкент қалаларында орналасқан әскери колледждер және 3 (үш) «Жас ұлан» республикалық мектептері кіреді.

Техникалық және кәсіптік білім беру орнына – Ш.Уәлиханов атындағы Әскери колледжі. Жоғары білім деңгейі бойынша — Құрлық әскерлерінің Әскери институты, Әуе қорғаныс күштерінің Әскери институты, Радиоэлектроника және байланыс Әскери-инженерлік институты.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №35 бұйрығымен бекітілген «Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ҚР ҚМ ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларына» сәйкес кандидаттарды іріктеу жұмыстары басталды.

### 17 жас пен 21 жас аралығында жасөспірімдер ниет білдіре алады:

р/с	Әскери оқу орнының атауы	Бейінді пәндер
1	Құрлық әскерлерінің Әскери институты Военный институт Сухопутных войск	Математика, физика, география, биология
2	Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты Военный институт Сил воздушной обороны	Математика, физика, химия (медициналық мамандықтарға)
3	Радиоэлектроника және байланыс Әскери – инженерлік институты Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи	Математика, физика
4	Шетелдік жоғары оқу орындары Зарубежные ВУЗы	Биология, химия (әскери медициналық мамандық), Шығармашылық емтихан (музыка мамандығына); Шет тілі (аударма ісіне).

Әскери оқу орнын бітірген кандидаттарға мемлекет тарапынан мансаптық өсу мүмкіндіктері қарастырылған:

- 1) Республикада және шетелде тегін оқу;
- 2) Оқуды аяқтағаннан кейін жоғары және техникалық әскери білім және әскери атак алу – офицер немесе кәсіби сержант;
- 3) Білім алғаннан кейін кепілді жұмысқа орналасу;
- 4) Белгіленген айлық жалақы;
- 5) Қорғаныс министрлігі есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету, төмен пайызбен ипотекаға қол жеткізу;
- 6) Өңірге қарамастан жекеменшікке тұрғын үй сатып алуға біржолғы төлем;
- 7) Тұрғын үй жалдағаны үшін ай сайын берілетін өтемақы төлемдері;
- 8) Балабақшаға кезектен тыс орындар;
- 9) ҚР жоғары азаматтық оқу орындарына оқуға жұмсалған шығынның (оқу құны) 50 (елу) пайызы мөлшерінде ақылы негізде өтеу;
- 10) Ерте зейнетке шығу.

ҚР ҚМ жоғары оқу орындарына кандидаттарды алдын ала іріктеу кезінде сыйбалас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылыққа жол берілмейді.

Осы орайда, 11-сыныпты бітіруші түлектер қазірден бастап Ұлттық біріншілік тест тапсыру пәнін таңдау барысында қателік жасамасаңыздар екен!

Қосымша ақпаратты Алматы облысы, Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінен біле аласыздар.

Байланыс телефоны: 8 708 412 54 28.

Алтынқұл ҚОҒАБАЙҚЫЗЫ,  
Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің қызметкері.

### Одағай пікір ой салар

## Қайыр сұрау – кәсіп емес!



Асыл дінімізде де мұсылман баласының төкен, тері мен жасаған амалына қарай Жаратушы Жаппар Иеміз ризық-несібе береді делінген.

Бұл туралы Алла Тағала Құран-Кәрімде: «Алла құлдарынан кімді қаласа, несібесін кеңітеді де тарылтады. Күдіксіз Алла әр нәрсені толық біледі» (Ғанкабут сүресі, 62 аят) деп бұйырады.

Осы мәселе жөнінде пікірін білмек болып Жамбыл аудандық орталық «Шынасыл» мешітінің бас имамы Бақыт Абдиисламұлына хабарласқанмызда, ол: «Әрине, Ислам адам баласына еңбек етіп, адал табыс табуға үндейді. Пайғамбарымыз (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Абдулла бин Аббасқа (Оған Алла разы болсын): «...Сұрар болсаң тек Алладан сұра. Жәрдем қаласаң, тек Алладан жәрдем тіле»,– деп өсиет еткен, Ал, қайыршылықпен айналысудың жамандығы жайлы Әбу Нұрайфа (Оған Алла разы болсын): «Кімде-кім байып кету үшін адамдардан қайыр тілейтін болса, оның сұрағаны – оттың шоғы. Қаласа аз алсын, қаласа көп етіп алсын», – деген хадисті риауат еткен. Қайыр тілеуді кәсіп ету адамды абыройдан айырады. Бұл жөнінде Ибн Омар (Оған Алла разы болсын): «Сендердің бірін Алла Тағала құзырына барғанға дейін қайыр тілеуін тоқтатпаса, оның бетінде бір кесек еті қалмайды», – деп ескерткен.

Хадис негізінде, тек үш жағдайда ғана қайыр тілеуге болады.

1. Су тасқыны, өрт, құрғақшылық және т.б. табиғи апаттар салдарынан мал-дүниесінен айырылған адам;
2. Сіңірі шыққан кедей. Жокшылыққа тап болғаны көрші-қоланына белгілі адам;
3. Адамдардың арасын татуластыру үшін берілетін мал-мүлікті тасушы. Пайғамбарымыз Әбу Бишр Қабиса бин Мұхарикқа: «Қайыр сұрау тек үш адамға рұқсат. Бітімге берілетін дүние-мүлікті тасымалдаушы кісіге, мал-дүниесіне апат келген кісі жағдайын түзегенше және жокшылыққа тап болған кісі жағдайын

түзегенше, оның қауымынан үш кісі: пәленше жоқшылыққа тап болды деп айтса. Ей, Қабиса! Бұдан басқаларға қайыр сұрау – харам. Бұлай мал тапқан адам – харам жеуші»,– деген.

Жалпы, қайыр сұрағанда да Құдайдың күдіретті сөзін саудаға салмаған жөн. Қайыр сұрайтындар үшін қасиетті Құран сөзі кәсіптің көзі болмауы керек. Адамзат баласы кемел сана мен тіршілікке икемді қабілет иесі болғандықтан талап қып, еңбек етуі қажет. Тіршілік етуге қабілет-қарымы бола-тұра шарасыздық танытып, жарлының күйіне түсу – ар көтермейтін сын.

XX ғасыр – ғылыми технологияның дамыған дәуірі. Бұл дәуірде жұмырбасты әрбір пенде заманға сай кәсіп иесі болумен дәуір тудырған бәсекеге лайықты азамат бола алады. Осы бәсеке алаңында мұсылман баласына өз саласының майталманы болумен қатар адал әрі қагілез бола білуі керек. Өйткені, масылдық – ислам діні құптамаған іс. Сол себепті, әрбір мұсылман азамат Аллаға иланып, нар-тәуекел етіп, өз табиғаты мен болмысына лайықты адал кәсіп иесі болуы шарт. Осы жолда Алла Тағала баршамызға адал әрі шынайы бола білуді жазғай! – деді.

Шынында да дініміз адал жолмен кәсіп ете отырып, отбасын қамтамасыз етуге шақырады. Және оны ғибадаттардың бір түріне жатқызады. Яғни, ұрлық-қармын жасау қандай күнәлі іс болса, маңдай термен нан табу да сондай сауапты амал болып табылады. Сондай-ақ, мүмкіндік туса мұқтаж жандарға көмек қолын созу да дініміздің бір әмірі болып есептеледі. Ризық-несібенің Алладан берілетіні ақиқат. Сондықтан кедейшіліктен қорқып, қайыр сұрауды кәсіп көзіне айналдырмаған абзал. Біле білсек, тәніміздің саулығы мен асымыздың адалдығын тәнірден тілеудің өзі бір бақыт емес пе?!

А. ҚОЙГЕЛДІ  
АТАМЕКЕН



QR-ды сканерлеп, саулнамаға өт:

## "АУДАНДА ЖАСТАРҒА ТАҒЫ НЕ ҚАЖЕТ?"

### Туған жерге біліміңмен қызмет ет!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығына сәйкес 2023 жылғы 1 сәуірден бастап «Дипломмен ауылға» жобасының сенімді агенті болып Отбасы банк тағайындалды.

Жоба тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит беруді және көтерме жәрдемақы төлеуді көздейді. Енді азаматтардың уақытын үнемдеу және оларға осы мемлекеттік қолдауды алу процесін жеделдету үшін «Дипломмен ауылға» жобасы цифрлық форматқа ауыстырылды. Қазақстандықтардан жаңа өтінімдер отбасыbank.kz жылжымайтын мүлік порталында онлайн режимде қабылданатын болады.

«Дипломмен ауылға» жобасына қатысуға өтінім беру үшін қатысушы отбасыbank.kz порталында тіркелуі және ЭЦҚ көмегімен өтінімге қол қоюы қажет.

Бағдарламаға ауылдық жерлерге енді ғана келген немесе бұрыннан тұрып жатқан және онда бірқатар кәсіптер бойынша жұмыс істейтін кез келген жастағы қазақстандықтар қатыса алады. Бұл денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен мамандары, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері (әкімдер мен әкімдердің орынбасарларын қоспағанда).

Аудандық әкімдіктер мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдіктері жыл сайын өз елді мекенінде жоғарыда аталған мамандықтар бойынша талап етілетін қызметкерлердің тізбесін қалыптастыратынын атап өткен маңызды. Дәл осы тізім аясында жеңілдетілген кредиттер беріледі.

Қарыздың ең жоғары сомасы 1500 АЕК-ке дейін, кредит бойынша мөлшерлеме 0,01%-ға тең (ЖТСМ – жылдық 0,01%-дан басталады)

Қарыз маман жұмыс істейтін елді мекенде тұрғын үй сатып алуға немесе салуға беріледі. Кредиттің ең көп мерзімі – 15 жыл. Негізгі талап – жобаға қатысушы ауылдық жерде мамандығы бойынша 3 жыл жұмыс істеуі керек.

Енді «Дипломмен ауылға» жобасы шеңберіндегі қарыздарға Отбасы банкте қызмет көрсетіледі. Сондықтан кредиттері бар қазақстандық азаматтар банктің клиенттері болуы тиіс. Бұл төлемдерді уақтылы өтеу үшін және болашақта мерзімді өткізіп алмау немесе өсімпұл есептелмеу үшін жасалатын шара.

Банктің клиенттері бола отырып, олар кредит талаптарын өзгеріспен оны төлеуді жалғастырады.

Банктің клиенті болудың мынадай бірнеше тәсілі бар:  
- Otbasы bank мобильді қолданбасын жүктеп, оның көмегімен ағымдағы шотты және депозитті ашу;  
- ұялы телефоннан 300 нөміріне тегін қоңырау шалу;  
- жақын жердегі банк бөлімшесіне немесе кеңес беру орталығына хабарласу.

«Дипломмен ауылға» жобасы шеңберінде қазақстандықтар 100 АЕК мөлшерінде көтерме жәрдемақы алуға үміткер бола алады. Мемлекеттік қолдаудың бұл түріне де отбасыbank.kz платформасы арқылы өтініш бере алады.

Жәрдемақы мен бюджеттік кредит алуға өтінішті бір мезгілде беруге болады.

## Rayeva Dojo командасы – республикалық чемпионаттың үздіктері

2025 жылғы 1-2 қараша күндері Тараз қаласында Киокушин Будокай Карате бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Бұл жарыста Алматы облысының намысын қорғаған Rayeva Dojo командасының жас спортшылары жоғары нәтиже көрсетіп, өз өңірінің және ауылдарының абыройын асқартты.

Мыңбаев ауылдық округінің әкімі Темірлан Елдесұлы чемпионат жеңімпаздары мен жүлдегерлерін шын жүректен құттықтап, олардың қажырлы еңбегі мен табандылығын ерекше атап өтті. Әкім өз сөзінде ауыл жастарының спорттағы жетістігі – олардың еңбекқорлығы мен тәртіптілігінің, сондай-ақ жаттықтырушылардың кәсіби еңбегінің нәтижесі екенін айтты.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері:  
1-орын иегерлері:  
Сүлейманқұл Әлімқожа – 14 жас, 2 кю, салмақ дәрежесі 45 кг дейін  
Әл-Қазақ Сара – 11 жас, 4 кю, АБС  
Даулетбекова Нұрай – 12 жас, 4 кю, 35 кг дейін  
Ермек Шуғыла – 14 жас, 4 кю, 45 кг дейін



Ибрагимова Гаиде – 16 жас, 1 кю, 55 кг дейін 2-орын иегері:  
Серікбаева Диана – 12 жас, 3 кю, 35 кг дейін 3-орын иегерлері:  
Мұрат Аруна – 11 жас, 0 кю, АБС  
Сүлейменов Руслан – 9 жас, 6 кю, 30 кг дейін  
Сүлейменов Сұлтан – 7 жас, 0 кю, 25 кг дейін  
Мирошников Арсений – 8 жас, 0 кю, 25 кг дейін

Бұл жетістіктердің барлығы Rayeva Dojo командасының білікті жаттықтырушылары – Раева Ақмарал Абаевна және Сүлейманқұл Эрик Қайратович жетекшілігінің нәтижесі.

Мыңбаев ауылдық округінің жас спортшылары сабақтан тыс уақытта Жаксылық Үшкемпіров атындағы спорт кешенінде тұрақты түрде жаттығып, өздерінің табандылығы мен спортқа деген сүйіспеншілігін дәлелдеп жүр. Бұл балалардың жетістігі – ауыл жастарының да республикалық деңгейде жоғары нәтижелерге жете алатынын көрсетеді.

Жеңімпаздарды және олардың бапкерлерін шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да сәттілік, табыс және жаңа биіктерді бағындыруларын тілейміз.

**Жұлдыз ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ,**  
Мыңбаев ауылдық округі жастар саясатының нұсқаушысы.

## Маңызды үш дағды

Жаңа технологиялар мен өзгермелі еңбек нарығы жағдайында көптеген жастар «өзіме лайықты мамандық таппай қаламын ба?» немесе «тандаған мамандығым қоғамға қажет болмай қала ма?» деп алаңдайды. Сіз оларға қандай бағыт-бағдар, ақыл-кеңес берер едіңіз?

Негізінде жастардың бұлай алаңдауы – болашаққа бейжай қарамағандарының белгісі дер едім. Осы жерде сөзімді тікелей жастар мен жасөспірімдерге қарата айтқым келеді. Қымбатты жас дос, егер өзіңіздің біліміңіз, қабілетіңіз, бойыңызда қалыптастырған дағдыңыз болса, сол көп жерде сізді жақсылыққа қарай жетелеп, көптеген қиындықтан алып шығады. Сондықтан үнемі білім алу мен бойда жақсы қасиеттерді қалыптастыруға ұмтыла беру керек дер едім.

Одан кейін айтарым – адам қателесіп те көруі керек. Бойыңыздағы қабілеттерді сынап көруден ешқашан қашпаңыз. Өйткені қателесу де тәжірибенің бір бөлігі. Осы тұста Томас Эдисонның мысалын келтіруге болады. Бір ғана жарықты шығару үшін қаншама қателескен. Сондықтан ешқашан қателесуден қорықпай, алға қарай талпына беру керек.

Өзіңіз үлгі тұтатын адамға қарап, «осындай тұлға, осындай маман болуым керек» деп ұмтылып, сол адаммен тілдесудің, кездесудің орайын іздестірген жөн. Оларға алдын ала сұрақтарыңызды дайындап, сұрақ қоюға ұмтылу керек. Сол кезде ол мамандар тәжірибелерімен бөлісіп, қиындықтарды қалай еңсеруге болатынын, жетістікке қалай жетуге болатынын айтып бере алады. Ақыл-кеңесін береді.

Жасөспірімдерге тағы бір айтқым келетіні – қазір талап бойынша бір мамандықпен шектелмеу керек. Мәселен, қазіргі кезде бір ғана экономист болу аз болып тұр. Біз әрі Big Data-ны үйренуіміз керек, яғни ақпараттық технологиялардың тілін білетін экономист болсаңыз, нарықта сұранысқа ие маман боласыз.

Бір ғана университетті оқып, маман болам деу қазіргі ұрпаққа аздық етеді. Сондықтан университеттен кейін де білім алуды ойластыру керек. Қосымша тренингтер, магистратура болуы мүмкін, әрі қарай докторантура оқимын десеңіз де болады. Сондай-ақ әртүрлі MBA бағдарламалары бар, солардан оқып, біліміңді жетілдірем десеңіз – бұл адамды тұлғалық дамытады және қосымша білім, дағдыларды қалыптастыруға өзіндік жол салады.



Әр саланың халықаралық деңгейдегі сертификаттары болады. Біліміңізді жетілдіріп, сол сертификаттарды иеленсеңіз, нарықта ең мықты маман болып, сұранысқа ие бола түсесіз. Кейде осы сертификаттар дипломаннан да артық жүреді. Сондықтан дипломмен шектелмей, өз салаңыз бойынша осындай әлемдік деңгейде білім көжигеін дамытып отырған дұрыс. Бұл өз салаңыздың шебер маманы болуға, сұранысқа ие, табысы мол маман болуға жол бастайды.

Маман ретінде еңбек жолыңызды бастаған кезде негізгі үш дағды өте маңызды. Ең біріншісі – еңбекқорлық. Жетістікке жетудің кілті осы еңбекқорлықта жатыр.

Екіншісі – жауапкершілік. Қандай жұмыс болсын, кіріссеніз, жауапкершілікпен көптеген жетістіктерге жетесіз. Көп адам батылы бармай, тәуекел ете алмай тұрған іске «мен істеймін» деп кірісіп кетіп, қабілетіңізді сынап, әрекет етсеңіз, көп жағдайда сол сізді алға қарай жетелейді. Жауапкершілік қарапайым дүниелерден басталады: сабаққа немесе жұмысқа кешікпеу, тапсырылған жұмысты берілген уақытына дейін үлгеріп орындау, біреудің аманатына қиянат жасамай, дұрыстап орындау, оқытушы болсаңыз – шәкірттердің алдында адал болу, барынша білгеніңізбен бөлісуге ұмтылу. Қай салада болсын, жауапкершілікті сезінген адам өзін ғана емес, қоғамды, мемлекетті дамытуға үлес қосады.

Үшіншісі негізгі қасиет – үйренуден қорықпау. «Мен мынаны білем, мықтымын, осы жетеді» десеңіз, сол жерде сіздің дамуыңыз тоқтайды. Сол жерде өмірден ұтыла бастайсыз. Сондықтан үнемі ізденісте болу, жалықпау керек. Тіпті жастардың алдына келсеңіз де, жасыңыз үлкен болса да, сол жастардан үйренетін дүниелер болса – үйренуден қашпау керек. Сол кезде сіз адам ретінде, тұлға ретінде дами бересіз.

**Айнұр МҰРАТОВА,**  
«AQ JELKEN» журналынан.

Бүгінгі жас ұрпақтың жүрегін баураған, ой-өрісін кеңейтіп, қиялын самғатқан туындылардың ішінде мыналар ерекше орын алады:

«Гарри Поттер» – сиқыр мен шындықтың шебер өрліген әлемін сыйлаған Джоан Роулингтің аңызға айналған сериясы.

«Шантарам» – адам рухының мықтылығын, еркіндік пен махаббаттың шексіздігін суреттеген Грегори Дэвид Робертстің ғажайып романы.

### Жастар сүйіп оқитын ең танымал кітаптар

«Происхождение» – ғылым мен сенімнің түйіскен тұсын тереңінен қозғаған Дэн Браунның ой салатын кітабы.

«Тонкое искусство пофигизма» – өмірдің мәнін жеңіл, бірақ терең оймен жеткізген Марк Мэнсонның еңбегі.

«Куринный бульон для души: 101 вдохновляющая история о сильных людях и удивительных судьбах» – өмірдің әр сәтін үміт пен жігер сыйлайтын Эми Ньюмарктың шабытқа толы жинағы.

«Қазақ қаламгерлерінің рух берер еңбектері»  
Туған елдің топырағынан нәр алған бұл туындылар – ұлттық болмыс пен өмірлік тәжірибені айнаса іспетті:

«Екінші болма! Жетіске жетудің қазақша жолы» – табандылық пен еңбектің күші жайлы Куаныш Шонбайдың шабыттандырар еңбегі.

«Мы не ругаем детей» – ата-ана мен баланың арасындағы махаббат пен түсіністікті терең суреттеген Дана Орманбаеваның кітабы.

«Бәрі де өз қолыңда» – өмірді өз қолыңмен қалыптастыруға шақыратын Серікбай Бисекеевтің өмірлік сабаққа толы туындысы.



Жамбыл аудандық Жастар ресурстық орталығы.

### Қоғамдық тыңдау

«Күрті» ЖШС «Қызылқайнар» кен орнында гранит өндіру мекемесіне арналған «Рұқсат етілген шығарындылар нормативі» жобасы бойынша жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Нысанның (участок) географиялық координаталары – 43.812236, 76.096668, әсер ету аумағының географиялық координаталары - 43.605012, 76.306152.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Күрті» ЖШС (БСН 970640002444, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қазыбек бек ст., Ш.Уәлиханов көшесі №3 үй, тел. +7 700 777 7371).

Экологиялық құжаттаманы әзірлеуші: «Фирма «Пориком» ЖШС (Алматы қаласы, 1 ы/а, № 66 «Б» үй, т.е.б 3а, 5 кенсе, тел. +7 701 722 7034).

Жоба бойынша құжаттама ақпараттық жүйеде сілтеме бойынша: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/29715#tabMembers>, сонымен қатар Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында сілтеме бойынша: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat> орналасқан. Ескертулер мен ұсыныстар [ndbecology.gov.kz](https://ndbecology.gov.kz) сайтында, ЖАО [priroda\\_alm@bk.ru](mailto:priroda_alm@bk.ru) электрондық поштасы бойынша қабылданады.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылы 19 желтоқсан күні сағат 11:00-де Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Теміржол а/о, Қазыбек бек ст., Алтынсарин көшесі № 7 «А» үй, әкімшілік аумағында өтеді.

ZOOM платформасындағы видеоконференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/89354732248?pwd=tkbFSq9QMD2cYUyOjY0Zm0QOoRbBB1>

Конференция индентификаторы: 893 5473 2248, кіру коды: 2YPPYZ.

### Общественные слушания

ТОО «Курты» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту «Норматив допустимых выбросов» для предприятия добычи гранита на месторождении «Кызылқайнар».

Географические координаты объекта (участок) – 43.812236, 76.096668; территория воздействия – 43.605012, 76.306152.

Инициатор деятельности: ТОО «Курты» (БИН 970640002444, Алматинская область, Жамбылский район, ст. Казыбек бек, ул. Ш. Уәлиханова, дом 3, тел. +7 700 777 7371).

Разработчик проектной документации: ТОО «Фирма «Пориком» (г. Алматы, мкр. 1, дом 66 Б, н.п.За, офис 5, тел. +7 701 722 7234).

Документация по проекту размещена в информационной системе по ссылке: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/29715#tabMembers>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области по ссылке: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>. Замечания и предложения принимаются на сайте [ndbecology.gov.kz](https://ndbecology.gov.kz), а также по эл. почте МИО [priroda\\_alm@bk.ru](mailto:priroda_alm@bk.ru).

Слушания состоятся 19.12.2025г. в 11:00 ч. по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Теміржолский с/о, ст. Казыбек бек, ул. Алтынсарина, 7 А, на территории акимата.

Сылға на видеоконференцию по платформе ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/89354732248?pwd=tkbFSq9QMD2cYUyOjY0Zm0QOoRbBB1>

Идентификатор конференции: 893 5473 2248, код доступа: 2YPPYZ.

### Қоғамдық тыңдау

«Жетісу» «Алматы құс фабрикасы» ЖШС «Қазақстан Республикасының Алматы облысында инженерлік инфрақұрылымы бар өндірістік қуаты жылына 120 мың тонна ет өнімдерін шығаратын Алматы құс фабрикасын салу. Сумен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жария талқылаулар 2025 жылы 21-ші қарашадан бастап 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен экологиялық порталда танысуға болады: НБД СОС және т. б. <https://ndbecology.gov.kz>.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. Бастамашысы – «Жетісу» Алматы құс фабрикасы» ЖШС.

Нурпейс Келмаганбетов. Тел. +7 (702) 119 2939  
«Хасанова Г. А.» ЖК РКБ жобасын әзірлеуші. тел. +7 (702) 970-79-87

Жергілікті атқарушы орган – «Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. тел. +7 (72772) 2 32 27.

### Общественные слушания

ТОО «Алматинская Птицефабрика «Жетісу» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по рабочему проекту «Строительство Алматинской птицефабрики производственной мощностью 120 тысяч тонн мясопродукции в год с инженерной инфраструктурой в Алматинской области Республики Казахстан. Водоснабжение».

Публичные обсуждения состоятся с 21.11.2025 г. в течение 5 рабочих дней на сайте Единый Экологический портал.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на экологическом портале: НБД СОС и ПР <https://ndbecology.gov.kz>.

Замечания и предложения принимаются в течение 5 рабочих дней.

Инициатор – ТОО «Алматинская Птицефабрика «Жетісу».

Нурпейс Келмаганбетов. тел. +7 (702) 119 2939

Разработчик проекта РООС ИП «Хасанова Г.А.» тел. +7 (702) 970-79-87  
Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области» тел. +7 (72772) 2 32 27.



## Құриет пен амысқа толы құшыр

Аудандық пошта торабының ардақты қызметкері

### СҮМЕСІНОВА

#### Гүлмира Қапанқызын

туған күнімен және зейнеткерлік жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Гүлмира Қапанқызы – өз өмірін адал еңбек пен халыққа қызмет етуге арнаған, кәсібіне шынайы берілген, ел арасында сыйлы да беделді жан.

Ол пошта саласында 43 жыл бойы үздіксіз қызмет атқарып, әріптестеріне үлгі боларлық еңбекқорлығымен ерекшеленді. Қарапайым хат пен сәлемдеменің уақытында жеткізілуі – бір қарағанда күнделікті шаруа болып көрінгенімен, оның артында үлкен жауапкершілік пен адамдық ұқыптылық жатыр. Ал осы жауапкершілікті адал атқарып, аудан тұрғындарының алғысына бөленіп жүрген жан – дәл осы Гүлмира Қапанқызы.

Жұмысқа деген зор жауапкершілігі мен талапшылдығы, әріптестеріне деген ілтипаты мен қамқорлығы оны ұжым ішінде

ерекше құрметке ие етті. Ол өзінің мейірімді жүзімен, жылы сөзімен, сабырлы болмысымен әріптестеріне рухани дем беріп отыратын, бәрімен тіл табыса білетін адам. Әріптестері оның адамгершілігі мен кішіпейілділігін ерекше бағалайды.

Пошта саласының ардагері ретінде Гүлмира Қапанқызы көптеген жас мамандарға тәлімгерлік етіп, олардың еңбек жолында дұрыс бағыт сілтей білді. Әрбір жас қызметкер үшін ол кәсібиліктің, шыдамдылықтың және еңбекқорлықтың жарқын үлгісі болды. Өз ісінің шебері ретінде әр тапсырманы ұқыптылықпен орындап, пошта торабының беделін көтеруге елеулі үлес қосты.

Қызметтегі абыройлы еңбегінен бөлек, Г.Қапанқызы – отбасында да парасат пен мейірім иесі. Ол – асыл жар, ардақты ана, сүйікті әже. Бір ұл мен бір қыздың аяулы анасы, алты немеренің мейірбан әжесі. Балалары мен немерелерінің жетістігіне шаттанып, олардың әрбір қуанышына ортақтасып жүрген Гүлмира Қапанқызы – отбасылық татулық пен жылылықтың дінгегі. Оның үйі – береке мен ізгіліктің ордасы.

#### Қадірлі Гүлмира Қапанқызы!

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық амандық пен баянды бақыт тілейміз! Жаңа өмір белесі – зейнет жасыңыз қуаныш пен шаттыққа, бейбіт өмір мен жақсы жаңалықтарға толы болсын. Немерелеріңіздің күлкісі мен балаларыңыздың қуанышы әрдайым жаныңызға шаттық сыйласын. Еңбегіңіз ескеріліп, ел жадында есіміңіз сақтала берсін!

#### Құрметпен, «Атамекен»

редакциясының ұжымы.

## Өнер мен ұстаздықтың өр тұлғасы

Ұлттық мәдениетімізді ұлықтаған өнер майталманы, белгілі дәстүрлі әнші, музыка педагогы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты

### ӘБДУӘЛІ

#### Ақан Жылқышыбайұлы

16 қарашада атап өтетін мерейлі 50 жас туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ақан Жылқышыбайұлы – ұлттық өнердің өрісін кеңейтіп, қазақтың дәстүрлі әнін дәріптеп, ұлы мұрамызды ұрпақ санасына сіңіру жолында тер төгіп жүрген көрнекті тұлға. Ол – сахна мен ұстаздық қызметті ұштастыра отырып, ел руханиятына өлшеусіз үлес қосқан, талай шәкірттің қанатын қатайтып, қазақ өнерінің биігінен көрінуіне жол ашқан ұлағатты ұстаз. Сіздің өнер жолындағы қажырлы еңбегіңіз бен кәсіби шеберлігіңіз, музыкалық мәдениетті дамытудағы жаңашыл бастамаларыңыз және мемлекеттік саясатты іске асырудағы көрегендігіңіз ел ықыласына бөленіп, ұлттық руханияттың дамуына зор серпін беріп келеді.

Көшбасшылық қабілетіңіз, бекзат болмысыңыз бен ел алдындағы абыройыңыз – көпке үлгі-өнеге. Өнер мен мәдениет саласындағы табыстарыңыз – Қазақстанның рухани байлығының ажырамас бөлігі.

«... Күрес, істің кезінде туған ұлмын, Уақытым жоқ, қартаю, алжуга да, Жайын ойлай жатармын арғы күннің Бір тоқсанды байлап ап қанжығаға. Өмірдің жайнаған жазындамын, Қысы түгіл жеткем жоқ күзіне мен, Сөндіріллік ойым жоқ өмір шамын,

Бұл ғасырдың жеткенше жүзіне мен», – деп заманымыздың заңғар тұлғасы С.Мұқанов өзінің «Елу» деген өлеңінде жырлағандай, осы мерейлі сәтте аудандық «Атамекен» газетінің шығармашылық ұжымы өзіңізге зор денсаулық, қажымас қайрат, шаңырағыңызға шаттық, отбасыңызға бақ-береке мен жұмысыңызға толағай табыс, алдағы атқарылатын игілікті істеріңізге сәттілік тілеп, ақжарма лебізін арнайды.

Ізгі тілекпен, «Атамекен» газетінің редакциясы.



## Құттықтаймыз!

Құрметті

### Зулфия РАХЫМБАЕВНА!

Сізді 60 жасқа толған мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!



Өмір жолыңыз бен еңбек жолыңыз – ұлағат пен парасаттың айғағы. Ұстаздық жолды ата-анаңыздан дарыған қасиет деп білсек, сол дәстүрді лайықты жалғастырып, талай шәкіртке білім мен тәрбие беріп, өмірлеріне бағыт-бағдар көрсеттіңіз.

Жылдар бойы мектеп қабырғасында қажырлы еңбек етіп, шәкірт жүрегіне нұр құя білген сіздің еңбегіңіз әріптестеріңіз бен кейінгі ұрпақ үшін үлгі. Сізбен бірге еңбек еткен әріптестеріңіз сіздің ізгі ниетіңізді, ақжарқын мінезіңізді, жауапкершілігіңіз бен талапшылдығыңызды әрқашан жоғары бағалайды.

Өміріңіздің әр күні қуаныш пен шаттыққа, баянды бақытқа толы болсын! Отбасыңыз аман, ұрпағыңыз өркендеп, шәкірттеріңіздің жетістігі сізге әрдайым қуаныш сыйлай берсін.

Бүгінгі күн – бөлектеу күн, маңызды, Маңыздысы – бүгін туған жан ізгі!

Алпыс мәрте Күнді айналған

жұмыр Жер,

Сізге бақыт тілеп тұрған тәрізді.

Ренжітпей үлкенді де, кішіні – Жүрегімен түсінетін кісіні.

Мынау өмір жұмақ болып кетер ед,

Сіздей болса бар адамның пішіні.

Ыстық ықыласпен: Еңбекшіарал орта мектебінің ұжымы.

Әр халықтың тарихында оның рухани болмысы мен мәдени дамуына терең із қалдырған, өз еңбегімен ел жадында жатталған ұлы тұлғалар болады. Сол дара есімдердің қатарында менің жүрегімнен ерекше орын алған біртуар жан – Шаяхметов Жұмаділ Шаяхметұлы. Өмір жолын білім саласына арнап, 1970 жылдан 2009 жылға дейін Жамбыл ауданының орталығындағы кәсіптік-техникалық училищеді, кейін Жамбыл атындағы кәсіптік лицейде директор қызметін атқарған қадірлі ұстаз, парасатты басшы – өткен дәуірдің шынайы тұлғасы.



## ҰЛАҒАТТЫҢ ҰЛЫ ШЫРАҒЫ



Менің алғашқы еңбек жолым да дәл осы қара шаңырақтан басталды. 2008 жылы жас маман болып жұмысқа келгенімде, Жұмаділ атаның адамдық болмысы, сабырлы мінезі, әр сөзінен төгілген өнеге мен ғибрат мені бірден баурап алды. Атадан қалған ізгілік, еңбекке адалдық, білімге ұмтылу, елге қызмет ету сияқты қасиеттер оның әр ісінен көрініп тұратын. Сол алғашқы әсер, сол ұлағатты өңгімелер мен ақыл-кеңестер күні бүгінге дейін санамда жатталып қалды.

Жұмаділ Шаяхметұлы – кәсіптік білім беру саласының нағыз майталманы. Өз ісінің шебері ретінде талай жастың болашағына бағыт беріп, саналы азамат болып қалыптасуына зор үлес қосты. Кәсіптік білім жүйесін дамытудағы еңбегі, оқу орнын сапалы ұйымдастыра білуі, мемлекет тарапынан алған марапаттары – оның өмір жолындағы адал еңбектің айқын айғағы. Осындай тұлғалардың қадірі уақыт өткен сайын

арта түсетіні сөзсіз. Өйткені олар өзі өмір сүрген дәуірдің ғана емес, кейінгі ұрпақтың да рухани әлемін байытқан жандар.

Мен үшін Жұмаділ Шаяхметұлы – тек ұстаз ғана емес, адамдықтың, парасаттылықтың биік өлшемін көрсеткен ұлы тұлға. Оның ұрпақ тәрбиесіне сіңірген еңбегі, елдің дамуына қосқан үлесі – біз үшін мәңгілік өнеге. Бүгінде ұстаздық жолымды жалғастырып жүріп, сол кісінің артында қалдырған мұрасын, адами қасиеттерін, ұлағатты өнегесін шәкірттер жүрегіне сіңіруді басты парызым деп білемін.

Оның есімі менің жүрегімде сақталуы – Жұмаділ атаның еңбегіңізді өлшеусіздігін, халыққа жасаған жақсылығының биіктігін көрсетсе керек. Ұлы есімін ардақтау – өткенге құрмет, болашаққа аманат.

Егер Жұмаділ Шаяхметұлы бүгін арамызда болса, биыл 21 қарашада оның 90 жылдық мерейтойын атап өтетін едік. Бірақ ол кісінің тұлғасы да, қалдырған мұрасы да бізбен бірге жасай береді. Ұлы адамның жарық бейнесі уақыт өткен сайын көмескіленбей, қайта жаңғырып, ел жадында мәңгілік орын алады.

Жүрегімізде өшпес шырақ болып қалған ардақты ұстаз – Шаяхметов Жұмаділ Шаяхметұлының жаны жәннатта, топырағы торқа, иманы жолдас болсын!

#### ЖЕСИМОВА,

Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжінің арнайы пән оқытушысы.

## НАСЛЕДСТВО

\*\*\* Открылось наследственное дело после смерти Есбаева Абсемета, 1 января 1930 года рождения, умершего 22 февраля 2010 года. Наследников, претендующих на наследство, просим обратиться по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Караш батыра 112, к нотариусу Камалиевой Гульмире Бекзадаевне в течение одного месяца с момента выхода газеты с объявлением.

\*\*\* Открылась наследственная масса после смерти Чичиковой Веры Кузьминичны, 22 января 1937 года рождения, умершей 27 июля 2025 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Саурык батыра 183 «А», до 27 января 2026 года.

\*\*\* Открылось наследственное дело после смерти Клышмаганбетова Нурадина, 3 декабря 1944 года рождения, умершего 18 июня 2022 года. Наследников, претендующих на наследство, просим обратиться по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул. Караш батыра 112 к нотариусу Камалиевой Гульмире Бекзадаевне в течение одного месяца с момента выхода газеты с объявлением.

\*\*\* Открылась наследственная масса после смерти Мансуровой Мухары Хакимджановны, 1 июля 1972 года рождения, умершей 18 августа 2025 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с. Узынағаш, ул. Саурык батыра 183 «А», до 23 февраля 2026 года.

• Газет – 2017 жылғы қарашаның 9-да Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттік және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы № 16738-Г Күелігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28

Электрондық поштасы: Atameken1932@bk.ru

• Осы шығарылымның таралымы – 7000 дана. Тапсырыс – 46 (2507)

• Индекс – 65264. Көлемі – 2 баспа табақ.

• Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.

• Суреттердің сапасына редакция жауапты.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.

• Газетке жарияланған кейбір суреттер мен мәліметтер интернет жүйесінен алынды.

• Газетте жарияланған мақалаларды редакцияның жазбаша рұқсатынсыз жазуға болмайды.

• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.

• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс: 378-36-76.

Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».

## ЕСКЕ АЛУ

Мейірім мен ізгілікті серік еткен, жаны жарық, жүрегі кең, айналасына әрдайым жылулық сыйлай білген Жамбыл ауылының ардақты тұрғыны – **ЖҮНІСОВА Майра Ерниярызқызы** тірі болса, биыл 14 қараша күні 53 жасқа толар еді.



Өмірден өткеніне екі жыл өтсе де, оның жарқын бейнесі мен асыл мінезі бәріміздің жүрегімізде мәңгі сақталып қалды.

Майра Ерниярызқызын еске алғанда, көз алдымызға әрдайым күлімдеп жүрген, адамдарға шын жүрегімен мекем қолын созуға дайын, өмірге құштар жан елестейді. Ол өзінің мейірімге толы жүрегімен, ақыл-парасатымен, сабырлы да сырбаз мінезімен көптің сүйіспеншілігіне бөленген еді. Отбасына, бауырларына, достарына, айналасына деген ықыласы ерекше болатын.

Майраның өмір жолы – адалдық пен еңбекқорлықтың, адамгершілік пен қарапайымдылықтың үлгісі. Ол қандай жағдай болмасын үнемі жақсылыққа ұмтылып, айналасындағы жандарға сенім мен жігер сыйлайтын. Кіммен болса да жылы сөйлесіп, жан-дүниесін түсіне білетін Осындай қасиеттерімен ол әр жүректен ерекше орын алды.

Өмірдің жазылмаған заңы – уақыт өтеді, бірақ сағыныш азаймайды. Бүгінде бауырлары, жақындары, оны сағынышпен еске алып, өткен күндердің естеліктерін еске түсіреді. Әрбір естелік, әрбір сәт – жүректе қалған өшпес із.

Майраның өмірден ерте кетуі бәріміз үшін ауыр болғанымен, оның артында қалдырған ізгілік ізі, ерен еңбегі естен кетпейді. Ол біз үшін өмірдің ең жақсы үлгісі, адами тазалықтың нышаны болып қала береді.


Жаны жәннатта болып, нұры пейіштің төрінде шалқысын демекпіз.

Сағынышпен еске алушылар: **әкесі – Ернияз, бауырлары, жеңгесі, сіңілісі, қыздары мен немерелері.**

### ТАПСЫРЫС АЛАМЫН

ГАЗ пешін орнатамын және тазалаймын, сантехникалық және жылу құбырларын, жылы еден (теплый пол) жүргізу жұмыстарын жасаймын. Электрмен дәнекерлеу (электросварка) жұмыстары бойынша хабарласуға да болады.

Тел: 87474606295 Дәурен.



ТОО «Телерадиокомпания  
«Жетісу»  
Жетісуская обл., г.Талдықорған,  
ул. Балапанова 28

## ЭФИРНАЯ СПРАВКА

Настоящим ТОО «Телерадиокомпания «Жетісу» подтверждает, что 12 ноября 2025г. прошло объявление в бегущей строке, на государственном и на русском языке.

Текст следующего содержания:

«Күрті» ЖШС «Қызылқайнар» кен орнында гранит өндіру мекемесіне арналған "Рұқсат етілген шығарындылар нормативі" жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Нысанның (участок) географиялық координаталары – 43.812236, 76.096668, әсер ету аумағының географиялық координаталары - 43.605012, 76.306152.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Күрті» ЖШС (БСН 970640002444, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қазыбек бек ст., Уәлиханов көш., 3 үй, тел. +7 700 777 7371).

Экологиялық құжаттаманы әзірлеуші: «Фирма «Пориком» ЖШС (Алматы қ., 1 ы/а, 66 Б үй, т.е.б За, 5 кеңсе, тел. +7 701 722 7034).

Жоба бойынша құжаттама ақпараттық жүйеде сілтеме бойынша: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/29715#tabMembers>, сонымен қатар Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында сілтеме бойынша: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat> орналасқан. Ескертулер мен ұсыныстар [ndbecology.gov.kz](https://hearings.ndbecology.gov.kz) сайтында, ЖАО [priroda\\_alm@bk.ru](mailto:priroda_alm@bk.ru) электрондық поштасы бойынша қабылданады.

Тыңдаулар 19.12.2025ж. сағ. 11.00 Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Теміржол а/о, Қазыбек бек ст., Алтынсарин көш., 7А үй, әкімшілік аумағында өтеді.

ZOOM платформасындағы видеоконференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/89354732248?pwd=tkbFSq9QMD2cYUGYbOd7inOQoRbBB1>.

Конференция индентификаторы: 893 5473 2248, кіру коды: 2YPPYz.

ТОО «Курты» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту «Норматив допустимых выбросов» для предприятия добычи гранита на месторождении «Кызылқайнар».

Географические координаты объекта (участок) - 43.812236, 76.096668; территория воздействия – 43.605012, 76.306152.

Инициатор деятельности: ТОО «Курты» (БИН 970640002444, Алматинская область, Жамбылский район, ст. Казыбек бек, ул. Ш. Уалиханова, дом 3, тел. +7 700 777 7371).

Разработчик проектной документации: ТОО «Фирма «Пориком» (г. Алматы, мкр. 1, дом 66 Б, н.п.За, офис 5, тел. +7 701 722 7234).

Документация по проекту размещена в информационной системе по ссылке: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/29715#tabMembers>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области

по ссылке: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>. Замечания и предложения принимаются на сайте [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz), а также по эл. почте МИО [priroda\\_alm@bk.ru](mailto:priroda_alm@bk.ru).

Слушания состоятся 19.12.2025г. в 11:00 ч. по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Темиржолский с/о, ст. Казыбек бек, ул. Алтынсарина, 7 А, на территории акимата.

Сылка на видеоконференцию по платформе ZOOM:  
<https://us05web.zoom.us/j/89354732248?pwd=tkbFSq9QMD2cYuGYbOd7inOQoRbBB1>.

Идентификатор конференции: 893 5473 2248, код доступа: 2YPPYz.

  
Директор ТОО «Телерадиокомпания «Жетісу»  
Алтынбекулы Д.





#### Хабарландыру

«Күрті» ЖШС «Қызылқайнар» кен орнында гранит өндіру мекемесіне арналған "Рұқсат етілген шығарындылар нормативі" жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Нысанның (участок) географиялық координаталары – 43.812236, 76.096668, әсер ету аумағының географиялық координаталары - 43.605012, 76.306152.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Күрті» ЖШС (БСН 970640002444, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қазыбек бек ст., Уәлиханов көш., 3 үй, тел. +7 700 777 7371).

Экологиялық құжаттаманы әзірлеуші: «Фирма «Пориком» ЖШС (Алматы қ., 1 ы/а, 66 Б үй, т.е.б За, 5 кеңсе, тел. +7 701 722 7034).

Жоба бойынша құжаттама ақпараттық жүйеде сілтеме бойынша: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/29715#tabMembers>, сонымен қатар Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында сілтеме бойынша: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat> орналасқан. Ескертулер мен ұсыныстар [ndbecology.gov.kz](https://www.ndbecology.gov.kz) сайтында, ЖАО [priroda\\_alm@bk.ru](mailto:priroda_alm@bk.ru) электрондық поштасы бойынша қабылданады.

Тыңдаулар 19.12.2025ж. сағ. 11.00 Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Теміржол а/о, Қазыбек бек ст., Алтынсарин көш., 7А үй, өкімшілік аумағында өтеді.

ZOOM платформасындағы видеоконференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/89354732248?pwd=tkbFSq9QMD2cYUgYbOd7inOQoRbBB1>.

Конференция индентификаторы: 893 5473 2248, кіру коды: 2YPPYz.

#### Объявление

ТОО «Курты» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту «Норматив допустимых выбросов» для предприятия добычи гранита на месторождении «Кызылқайнар».

Географические координаты объекта (участок) - 43.812236, 76.096668; территория воздействия – 43.605012, 76.306152.

Инициатор деятельности: ТОО «Курты» (БИН 970640002444, Алматинская область, Жамбылский район, ст. Казыбек бек, ул. Ш. Уалиханова, дом 3, тел. +7 700 777 7371).

Разработчик проектной документации: ТОО «Фирма «Пориком» (г. Алматы, мкр. 1, дом 66 Б, н.п.За, офис 5, тел. +7 701 722 7234).

Документация по проекту размещена в информационной системе по ссылке: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/29715#tabMembers>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области по ссылке: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>. Замечания и предложения принимаются на сайте [ndbecology.gov.kz](https://www.ndbecology.gov.kz), а также по эл. почте МИО [priroda\\_alm@bk.ru](mailto:priroda_alm@bk.ru).

Слушания состоятся 19.12.2025г. в 11:00 ч. по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Темиржолский с/о, ст. Казыбек бек, ул. Алтынсарина, 7 А, на территории акимата.

Сылка на видеоконференцию по платформе ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/89354732248?pwd=tkbFSq9QMD2cYUgYbOd7inOQoRbBB1>.

Идентификатор конференции: 893 5473 2248, код доступа: 2YPPYz.